Жаркент Айнасы

№5 (73),
17 наурыз,
бейсенбі, 2022 жыл,
jar-aina@mail.ru

Қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газет

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы

Қымбатты отандастар! Қадірлі қауым!

Бүгінгі Жолдаудың мән-маңызы айрықша. Оның арқалайтын жүгі бір жылмен шектелмейді, ауқымы кең, мазмұны да бөлек. Біз алдымызға биік мақсаттар қойып отырмыз. Өздеріңізбен бірге Жаңа Қазақстанды құруға кірістік.

Баршаңызға мәлім, былтыр егемендіктің маңызды белесіне жеттік. Тарихи өлшеммен қарағанда 30 жыл тым көп уақыт емес. Халқымыз Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен осы кезеңде ауқымды жұмыс атқарды, көптеген табыстарға қол жеткізді.

Алайда, береке-бірлігімізді сақтамасақ, жетістіктеріміздің бәрінен айырылып қалуымыз мүмкін. Қаңтардағы дүрбелең кезінде бұған көзіміз анық жетті. Бұл оқиғалар бүкіл қоғамды дүр сілкіндірді. Халқымыз бұрын-соңды болмаған қауіп-қатермен бетпе-бет келді. Мемлекетіміздің тұтастығына және егемендігімізге зор қауіп төнді. Осы күндерде жұртымыз Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін жан-жүрегімен сезінді. Татулық пен тұрақтылық, тыныштық пен бейбітшілік қаншалықты маңызды екенін жете түсінді.

Біз мызғымас бірліктің арқасында мемлекетімізді қорғап қалдық. Уақтылы және батыл шешім қабылдап, ланкестерге тойтарыс бердік.

Мен қашанда бәрін ашық айтып жүрмін.

Індет кезінде қалыптасқан ахуал жөнінде жұртшылыққа үнемі ақпарат беріп отырдым. Кешегі қатерлі күндерде Мемлекет басшысы ретінде халыққа арнап бірнеше үндеу жасадым. Барлық жағдайды азаматтарымызға жан-жақты түсіндіріп, жеткіздім. Әрбір шешімді еліміздің мүддесіне сай қабылдадым. Бұл – мен үшін бұлжымас ұстаным.

Өкінішке қарай, бүлікшілердің, қарақшылардың, ланкестердің кесірінен қаншама азаматымыз қаза болды. Мен қара жамылған отбасылардың қайғысына ортақтасып, тағы да көңіл айтамын. Біз мұндай жағдай енді ешқашан қайталанбауы үшін бәрін жасаймыз.

Қазақта «Өткен күннен алыс жоқ, келер күннен жақын жоқ» деген сөз бар. Біздің парызымыз – қанды қылмыс жасалғанын ұмытпай, барлық содырлар мен ланкестерді жазаға тарту. Халқымыз осы оқиғадан сабақ ала білуі керек. Елдің тыныштығын бұзып, қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін әрекетке ешқашан жол бермеуге тиіспіз.

Ашығын айтсақ, қазір қоғамда түрлі қауесет тарауда. Бұл ахуал жалған түсінік қалыптастырып, елді адастырады. Сондықтан өткен оқиғалар туралы нақты мәліметті жариялап, оған баға беру өте маңызды. Тіпті, қасиетті парызымыз деуге болады. Жұрт оның астарына үңіліп, себебін терең түсінуі қажет.

Күні кеше ғана Парламент қабырғасында арнайы тыңдау өтті. Онда құқық қорғау органдары тергеу қорытындылары туралы толық есеп берді. Турасын айтқанда, мұндай кең ауқымды талқылау ешқашан болмаған. Депутаттарға және бұқаралық ақпарат құралдарына бәрі ашық айтылды. Қоғамды мазалаған сұрақтарға жауап берілді. Бұл қаңтар оқиғасына әділ баға беруге, ең алдымен, биліктің мүдделі екенін көрсетеді. Мен мұны толық қолдаймын, біз ақиқатты айтуымыз керек. Бұл – менің жеке қағидатым.

Қазір тергеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осы мәселемен арнайы Мекемеаралық шұғыл тергеу тобы айналысуда. Құқық қорғау органдарына жасалып жатқан жұмыс нәтижесін үнемі жариялап отыруды тапсырамын.

Қасіретті қаңтар оқиғалары мен одан кейінгі төтенше жағдай кезінде түрлі құқық бұзушылықтар жасағаны үшін екі мыңға жуық адам ұсталды. Мен сол кезде Бас прокуратураға олардың қандай кінәсі барын анықтауды және ауыр қылмысы болмаса, жазасын жеңілдетуді тапсырдым. Соның нәтижесінде көптеген азаматтар қамаудан босатылды.

Ал, нағыз қылмыс жасаған адамдар заң алдында толығымен жауап береді. Басқаша әрекет ету, яғни, қосақ арасында бедел жинау үшін байбалам салып жүргендер мен арандатушыларға жеңілдік жасау – жазықсыз құрбан болған жандардың аруағын сыйламау деген сөз.

Бірнеше жүз адамның үстінен қылмыстық іс қозғалды. Біз құқық қорғау органдарының қызметкерлері ұсталған адамдарды тергеу барысында тыйым салынған тәсілдерді қолданғаны, тіпті оларды азаптағаны туралы фактілер болғанын ашық айттық. Орта ғасырлардан қалған осындай жабайылық кез-келген өркениетті қоғамның қағидаттарына қайшы келеді. Бұл біз үшін де мүлде жат қылық. Мұндай сорақы оқиғалар болғаны жайлы айтыла бастаған сәттеақ, мен оны мұқият тексеруді тапсырдым.

Сонымен бірге Адам құқықтары жөніндегі уәкіл алғашқы күндерден жұмысқа белсене араласты. Құқық қорғаумен айналысатын азаматтар мен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшелері оқшаулау орындарына кедергісіз кіріп, қаңтар оқиғасына қатысушылардың қамаудағы жай-күйімен танысты, олардың шағымдарын қарады.

Омбудсмен және беделді заңгерлер жетекшілік ететін тәуелсіз қоғамдық комиссиялар прокуратура органдарымен тығыз жұмыс істеді, пікірлерін ашық айтып, өз ұстанымдарын қорғады. Мұндай жұмыс тәсілі тергеу үдерісінің ашық және демократиялы екенін көрсетті, әрбір өтініш пен арызшағымды жеке-жеке қарауға мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде заңға қайшы үкім шығару ықтималдығы едәуір азайды.

Азаматтық қоғам мен құзырлы органдар осылай ашық ынтымақтастық орнататын тәжірибе біздің елімізде берік орнығуға тиіс.

Осы мүмкіндікті пайдаланып, қоғам белсенділері мен заңгерлерге азаматтық ұстанымы және біліктілігі үшін ризашылығымды білдіремін.

Қазір алдын-ала қорытындылар дайын. Біз теріс пиғылды адамдардың мемлекеттік төңкеріс жасамақ болғанын нақты біледі. Осы ретте, бүлікшілер не үшін мұндай қадамға барды деген сұрақ туындайды. Жауабы – айдан анық.

Соңғы жылдары біз Қазақстанды түбегейлі жаңғыртуға, трансформациялауға көштік. Түрлі салада ауқымды өзгерістер басталды. Бұл кейбір ықпалды адамдарға ұнамады. Олар жылдар бойғы заңсыз әрекеттерін одан әрі жалғастыра беруді көздеді. Неғұрлым жоғары билікке ие болуды көкседі. Сол үшін кәнігі қылмыскерлер, қарулы бандылар мен опасыз шенеуніктер бірігіп, астыртын топ құрды.

Ішкі және сыртқы жауларымыз өзара ымыраласып, билікті басып алғысы келді. Олар халықтың наразылық шеруін басқа арнаға бұрып, жұртты қасақана арандатты. Ланкестер мемлекеттік органдарға, стратегиялық нысандар мен бизнеске тиесілі ғимараттарға шабуыл жасады. Билікке күйе жағу үшін бейбіт тұрғындарға оқ атты.

Осының бәрін шетелдегі радикалды күштер өз мақсатына пайдаланғысы келді. Олар Қазақстанды қақтығыс алаңына айналдырып, елге ойран салмақ болды. Бейбіт өміріміздің тасталқанын шығаруды жоспарлады. Президентті биліктен кетіргісі келді.

Шын мәнінде, бұл мемлекеттілігімізге төнген аса қауіпті сын-қатер болды. Бірақ, қастандық жасаушылардың арам пиғылы іске аспады. Мен ең қиын сәтте, қандай жағдай болса да, ақырына дейін халқыммен бірге боламын деп ашық айттым.

Бабаларымыз «Іштен шыққан жау жаман» деп бекер айтпаған.

Төңкеріс жасауға ұмтылғандардың арасында белгілі адамдар болды.

Жоғары лауазым иелері мемлекетке сатқындық жасады. Опасыздардың ішінде әскери және арнаулы органдардың басшылары да бар. Олар Күштік құрылымдардың заңға сәйкес қимылдауына кедергі келтірді.

Мемлекет басшылығына қалалардағы ахуал туралы жалған ақпарат берді. Тіпті, арнайы үкіметтік және басқа да байланыс арналарын өз бақылауына алды. Бір сөзбен айтсақ, олар елді ыдырату үшін ойларына келген барлық тәсілді қолданды.

(Жалғасы 2-3 бетте)

Менің қазір тарихқа көбірек көңіл бөліп жүргенім неліктен? Ағаш биіктеп өскен сайын тамыры жерге тереңдеп бойлай береді. Адам да сондай. Ол болашағын неғұрлым көп ойласа, өткенін соғұрлым көп білгісі келеді. Олай етпейінше, болашақты жасау мүмкін емес.

Ілияс ЕСЕНБЕРЛИН

Тағайындау

ЖАРКЕНТ ӨҢІРІНЕ ЖАҢА ӘКІМ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Наурыздың 14-і күні Алматы облысы әкімінің өкімімен Марат Рахымбердіұлы Сағымбек Панфилов ауданының әкімі болып тағайындалды.

Марат Рахымбердіұлы Сағымбек 1966 жылы туған. Білімі жоғары. Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институтының Алматы филиалын астық сақтау және өңдеу технологиясы, Әулие Ата университетін құқықтану мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын Панфилов ауданы Киров атындағы колхоздың құрылысшы болып бастады.

Әр жылдарда Панфилов ауданы Киров атындағы колхоздың саяси ағарту кабинетінің меңгерушісі, Панфилов ауданы Бірлік ауылы төрағасының орынбасары, ауылдық Кеңес төрағасының орынбасары, төрағасы, депутаты, Панфилов аудандық әкімшілігі аппаратының басшысы, Жаркент қаласының шағын және орта бизнесті қолдау қоры бастығының орынбасары, ҚР Қаржы министрлігі Кеден комитетінің Панфилов ауданындағы «Бахты» жолаушылар бөлімінің инспекторы, «Қорғас» кедендік бақылау департаментінің кедендік күзет және тәртіп бөлімінің инспекторы, Талдықорған қалалық Әділет басқармасының паспортшысы, Алматы облысы Әділет департаментінің Діни істер жөніндегі бөлімінің бастығы, Панфилов аудандық Әділет басқармасының басшысы, Панфилов ауданаралық Әділет басқармасының басшысы, Талдықорған қаласында Алматы облысы Әділет департаменті әкімшілік-құқықтық бөлімнің бас маманы лауазымдарын атқарды.

2022 жылдың қаңтарынан – Алматы облысы Әділет департаменті Панфилов ауданаралық Әділет басқармасының басшысы.

P.S. «Жаркент айнасы» газетінің редакциясы Марат Сағымбек мырзаның қызметіне табыс тілеп, халықтың көңілінен шығар іскер әкім боларына сенім білдіреді.

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ»

(Басы 1-бетте)

Соның салдарынан Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымынан көмек сұрауға мәжбүр болдық. Бұл қадам ішкі және халықаралық нормаларға сай жүзеге асырылды. Бітімгершілік күштері елімізде бір де бір оқ атқан жоқ. Стратегиялық маңызы бар нысандардың қауіпсіздігін ғана қамтамасыз етті. Бұған алдын-ала жасалған келісімнің нәтижесінде қол жеткіздік. Жағдай тұрақтанған соң, екі аптадан кейін олар Қазақстаннан толық шығарылды.

Бұл – көптарапты қарулы контингент, оның құрамында Қазақстан да бар. Бітімгершілік миссиясының маңызды рөлін жоққа шығаруға болмайды. Бірақ, түптеп келгенде, біз содырларды өз күшімізбен жеңдік.

Осы орайда, бір мәселеге жеке тоқталғым келеді. Сатқындардың опасыздығы құқық қорғау органдарының беделіне нұқсан келтірмеуге тиіс. Онда қызмет ететін азаматтар да – өз бауырларымыз. Олар елмен бірге екенін, туған халқы үшін қасық қаны қалғанша күресетінін дәлелдеді. Отан алдындағы антына адал болып, мемлекетімізді жанқиярлықпен қорғады. Мен сын сағатта қатерге қаймықпай қарсы тұрған тәртіп сақшыларына ризашылық білдіремін.

Сондай-ақ, азаматтарымыз ерікті түрде өз ішінен жасақ құрып, қоғамдық тәртіпті сақтауға атсалысты. Жауапты сәтте бірлік пен жанашырлықтың бірегей үлгісін көрсеткен барша азаматтарға алғыс айтамын.

Осы күндерде халқымыз кез-келген қауіп-қатерді және алатын біртұтас ел екенін танытты. Отаншылдық рухының арқасында қасиетті Тәуелсіздігімізді сақтап қалды.

Шын мәнінде, қаңтар оқиғалары мемлекеттілігіміз үшін зор сынақ болды. Біз жардың шетінде тұрдық. Бір қадамды қате жасасақ немесе батыл әрекет етпесек, мемлекетіміз құрдымға кететін еді.

Күштік құрылымдар мен олардың сыбайластарының өзара ымыраласуына қатысты іс бойынша тергеу құпия жағдайда қарқынды жүргізіліп жатыр. Алдымызда куәгерлерден жауап алу, сараптама жасау және түрлі мәліметтерді зерделеу сияқты қыруар жұмыс бар.

Бір нәрсені нақты айта аламын: қаскөйлер мұқият ойластырылған ауқымды операция жасады. Олар халқымыздың және шетел қоғамдастығының алдында мемлекеттің жоғары басшылығының абыройын төгіп, биліктен тайдыруды көкседі. Кәсіби дайындықтан өткен содырларды өз мақсатына жету үшін еш қымсынбастан пайдаланды. Оларға еліміздің ең ірі шаһары – Алматыны күл талқан етуді, жұртты әбден үрейлендіріп, дүниеден біржола түңілдіруді, елдегі ахуалдың быт-шытын шығарып, бей-берекет қылуды тапсырды.

Сондықтан кімнің қандай лауазым иеленіп отырғанына, қоғамдағы орны қандай екеніне қарамастан осы қайғылы оқиғаларға кінәлі адамдар түгелдей лайықты жазасын алатынына уәде беремін.

Сол күндері қатаң әрі шұғыл шара қабылдаудан басқа амал қалған жоқ. Мен ең шешуші сәттерде елім үшін қолымнан келгеннің бәрін жасадым. Бұл – менің президенттік әрі перзенттік борышым.

Құрметті депутаттар!

Халыққа қажетті реформаларды жүзеге асыру – менің Мемлекет басшысы ретіндегі басты міндетім. Саяси жаңғыру болмаса, елімізді орнықты дамыту, ауқымды әлеуметтік-экономикалық өзгеріс жасау мүмкін емес. Бұл – анық нәрсе. Біз екі жарым жылдың ішінде осы бағытта нақты нәтижеге қол жеткіздік.

Мен осыған дейін саяси реформалардың төрт топтамасын ұсындым. Соның аясында қоғамды одан әрі демократияландыруға бағытталған бірқатар маңызды бастама жүзеге асты.

Тек саясат саласының өзінде оннан астам заң қабылданғанына қарап, қоғамда болып жатқан оң өзгерістердің ауқымы қандай екенін бағамдауға болады. Мысалы, бейбіт жиналыстар туралы жаңа, демократиялық заңды алайық.

Бұл құжат белсенді азаматтарға, оның ішінде оппозициялық көзқарастағы қоғам белсенділеріне еш кедергісіз шеру өткізуіне, сол жерде ой-пікірлерін емін-еркін айтуына мүмкіндік берді. Бұл жаңашылдық елімізде жаңа саяси мәдениеттің тамыр жаюына, қоғамдағы өзара жауапкершілік пен сенімнің артуына жол ашты. Дегенмен, жұртты арандатқысы келетін кейбір белсенділер демократиялық сипаттағы осы заңның өзіне бағынбау, тіпті оны бұзу керек деп санайды.

Мен бұдан былай ешқандай жұмсақтық көрсетпейтінімізді мәлімдеймін. Басқа да заңдар сияқты бұл заңның талаптары да мүлтіксіз орындалуға тиіс.

Бәзбіреулердің жауапсыздығы мен бейбастақ әрекеттері заңды сыйлайтын азаматтарымыз үшін тым қымбатқа түсті. Заң бәріне ортақ, оған биліктегі азаматтар да, қоғам белсенділері де бірдей бағынуға тиіс.

Саяси өзгерістер азаматтардың жергілікті өзін-өзі басқару ісінен бастап, жалпыұлттық сипаттағы мәселелерге дейін, яғни барлық деңгейде шешім қабылдауға дайын екенін көрсетті.

Саяси трансформация бүкіл салада тамыр-таныстық пен монополияны түбірімен жойып, адал әрі әділ «ойын ережесін» қалыптастыруды көздейді. Бірақ, осы ниет пен жұмыс қарқыны жұрттың бәріне бірдей ұнай бермейтіні анық.

Бәрін де бармақ басты, көз қыстымен шешіп үйренген адамдар бұған дейінгі артықшылықтары мен табыс көздерін жоғалтып алудан зәре-құты қалмай қоркуда. Олар біздің мемлекеттілігіміздің тұғырын шайқалту үшін дереу іске кірісу қажет деп шешті. Тіпті, өз халқына қарсы шықты деуге болады.

Қасіретті қаңтар күндерінен кейін көптеген адамдар «бәрі кері кетеді, билік жаңғыру қарқынын бәсеңдетіп, аяғын аңдап басатын болады» деп санады. Бірақ, біз алған бетімізден қайтпаймыз. Керісінше, қоғамның барлық саласында жасалып жатқан жүйелі өзгерістердің қарқынын үдете түсеміз.

Мен бүгін ұсынып отырған бастамалар қаңтар оқиғаларынан әлдеқайда бұрын мұқият ойластырылып, пысықталған. Ашығын айтайын, маған «асықпайық, заман жақсарғанға дейін бұл жоспарды қоя тұрайық» деп ақыл қосқан сарапшылар мен мемлекеттік қызметшілер де болды. Олар қазіргі ахуалды өз міддемізге пайдалануға мүмкіндік туып тұрса, жүйені өзгертудің не қажеті бар деді.

Енді біреулер геосаяси ахуал қатты шиеленісіп тұрған кезде елді «горбачевтік қайта құрудағы» сияқты беркесіздік жайлап, көше демократиясы белең алып кете ме деген орынды қауіптерін айтты. Бірақ, мен елімізге түбегейлі реформалар қажет екеніне бек сенімдімін. Әйтпесе, тоқырауға тап боламыз. Біз оның салдары мемлекетті қалай күйреретінін тарих қойнауына кеткеніне көп бола қоймаған кеңес тарихынан жақсы білеміз.

Кешегі қаңтар оқиғаларына да еліміздегі тоқыраудың салдары белгілі бір деңгейде әсер етті. Менсоңғыекіайдыңішіндеәлеуметтік-экономикалық салада, ұлттық және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісінде, ең алдымен, жүзеге асыру қажет болатын міндеттерді айқындап бердім.

Мен бүгін еліміздің саяси жүйесін кешенді жаңғырту бағдарламасын ұсынғалы отырмын. Бұл құжат, ең алдымен, қоғамның қажеттілігіне және сұранысына негізделген.

Парламент депутаттары, Конституциялық кеңес, Орталық сайлау комиссиясы, Жоғарғы Сот және беделді сарапшылардың ұсынымдары назарға алынды. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде осы тақырып бойынша пікірталас өтті. Құжатты әзірлеу кезінде зерттеушілер мен қоғам қайраткерлерінің, саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдардың ұсыныстары да мұқият зерделенді.

Жалпы, ұсынылып отырған реформаларды біздің қоғамдағы алуан түрлі көзқарастардың жиынтық көрінісі деуге болады. Осыған дейін қолға алынған өзгерістердің заңды жалғасы іспетті бұл бастамалар екі өзекті міндетті шешеді.

Біріншіден, қоғамды дәйекті түрде демократияландыруға септігін тигізеді.

Екіншіден, мемлекеттің орнықты әрі басқаруға икемді болуын қамтамасыз етеді. Бұл ел ішінде болып жатқан іргелі қоғамдық өзгерістер мен шиеленісе түскен геосаяси тартыс кезінде айрықша маңызды.

Қазіргі халықаралық ахуал қырғи-қабақ соғыстың ең қиын кезеңін еске түсіреді. Бірақ, шегіне жете буырқанған, мемлекеттер қатаң санкциялармен тірескен, жер жүзіне қандай кесірі тиетіні беймәлім болып тұрған бүгінгі жағдайды адамзат бұрынсоңды көрмеген теңдессіз қиындық деуге әбден болады. Сондықтан, біз үшін көздеген мақсаттан ауытқымаудың, еліміздің тұтастығын, жалпыұлттық бірлігі мен тілектестігін сақтаудың өмірлік маңызы бар.

Реформа жасап жатырмыз деген атақ үшін ғана реформа жасаудың ешкімге қажеті жоқ. Мен мұны бірнеше рет айттым. Біз бұл өзгерістерді жұртқа жақсы көріну үшін жасамаймыз. Құлаққа жағымды, бірақ орындалуы екіталай, күмәнді көрсеткіштерге алданбаймыз.

Қағаз бетінде ғана жүзеге асырылған, бірақ шындыққа ғана жанаспайтын жалған табыстарға масаттанып отыратын заман келмеске кетті. Халыққа көпірме сөз, бос уәде емес, көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын оң өзгерістер керек.

Біз кез келген мәселені ашық айтып, оны шешудің оңтайлы жолдарын бірге іздеуіміз қажет. Экономикадағы, саясаттағы жасанды монополияларды түбірімен жоюға тиіспіз. Оның орнына ашық әрі әділ бәсеке орнату өте маңызды. Себебі нағыз бәсеке болғанда ғана халықтың әл-ауқаты артып, жағдайы жақсарады.

Бүкіл құзырет бір қолда болуына негізделген басқару жүйесі қазір өзінің тиімділігін жоғалтты. Бұл жүйе көзқарасы мен ұстанымы әркілы азаматтық қоғамды ұйыстыра алмайды. Сондықтан біз Қазақстанды дамытудың саяси моделін өзгерту үшін әр қадамды мұқият ойластыра отырып жасауымыз керек.

Мен бұл жерде, ең алдымен, басқарудың суперпрезиденттік үлгісінен мықты Парламенті бар президенттік республикаға біржола көшу туралы айтып отырмын. Мұндай жүйе билік институттарының тепе-теңдігі оңтайлы болуын қамтамасыз етіп, елімізді орнықты дамытуға септігін тигізеді.

Алдымызда Парламенттің рөлін күшейту міндеті тұр. Бұл «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын табысты жүзеге асыруға жол ашады. Біз болашақта қандай ел болатынымызды нақты білеміз. Жаңа Қазақстанды азаматтық қоғамы қалыптасқан тиімді мемлекетке айналдырамыз. Осыған орай «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын басшылыққа аламыз. Бүгін мен осы стратегиялық мақсатымызға жетуге мүмкіндік беретін бірқатар бастамаларды ұсынамын.

БІРІНШІ. Президенттің өкілеттігі туралы

Мен бұған дейін айтқанымдай, Қазақстанда суперпрезиденттік басқару үлгісі қалыптасты. Дамудың бастапқы кезеңінде мемлекетімізге мұндай үлгі қажет болды. Бірақ, біз бір орында тұрған жоқпыз. Қоғам да, еліміз де өзгеруде. Саяси жүйеміз жаңа жағдайларға бейімделуге тиіс.

ҚазірбіздебарлығыПрезиденткекеліптіреледі.Бұл – дұрыс емес. Біртіндеп бұдан бас тартуымыз қажет.

Мен үшін мемлекеттің ұзақмерзімді мүддесі биліктің қосымша мүмкіндіктеріне және уақытша ықпалына қарағанда әлдеқайда маңыздырақ. Сол себепті мен Amanat партиясының қаңтар айындағы съезінде ұйымның төрағалығынан биыл бас тартатынымды мәлімдедім.

Партияның мемлекеттік аппаратқа кірігуіне мүлдем жол бермеген жөн. Саясаттағы монополия түрлі әлеуметтік кеселді туындататыны және мемлекетті дағдарысқа ұшырататыны анық. Саяси үстемдікке барынша шектеу қою қажет.

Президент өзінің өкілеттігін атқару кезеңінде партияға мүшелігін тоқтата тұруға міндетті екенін заң жүзінде ресімдеуді ұсынамын. Бұл норма саяси бәсекені арттырып, барлық партияның дамуына бірдей жағдай жасайды. Осылайша, біз еліміздің болашақтағы көшбасшыларын негізгі саяси институттарды өзіне бағындырып алуға құмар болудан сақтаймыз.

Дәл сол сияқты, Орталық сайлау комиссиясының, Есеп комитеті мен Конституциялық кеңестің төрағалары және мүшелері міндетті түрде партиядан шығуы керек деген норманы да заңнамаға енгізген жөн.

Барлық өкілеттікті бір қолға шоғырландырған орталықтағы жағдай аймақтарда да қайталанатынын көріп отырмыз. Сол себепті әкімдер мен олардың орынбасарларына партия филиалдарында да лауазым иеленуге заң жүзінде тыйым салу керек. Мұндай шешімдер көпполюсті партиялық жүйе қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Саяси және экономикалық қызметтің монополияланыу қаңтар оқиғаларының туындауына басты себеп болғаны бүгінде бүкіл қоғамға мәлім.

Біз «қасіретті қаңтардан» мынадай маңызды сабақ алдық: мемлекеттегі ең жоғары лауазымды тұлғаның қолында барлық өкілеттіктің шоғырлануы оған жақын тұлғалар мен қаржылық-олигархиялық топтардың ықпалын орынсыз күшейтеді. Сосын олар мемлекетті жеке меншігі сияқты көре бастайды.

Қай елде болса да тамыр-таныстық кадр іріктеу ісін бұрмалап, сыбайлас жемқорлықтың тамыр жаюына әкеп соқтырады. Тамыр-таныстық пен рушылдық құрдымға бастайтынын нақты ұғыну қажет.

Мұндай қарым-қатынас шағын ғана топтың шалқып өмір сүруіне жол ашады. Ал, өзгелерді өмірінің ешқандай болашағы жоқ екеніне біржола мойынсұнып, тек өлместің күнін көру үшін арпалысуға мәжбүрлейді.

Барлық азаматтарға бірдей мүмкіндік берілетініне Мемлекет басшысы мызғымас кепіл болуға тиіс. Сондықтан Президенттің жақын туыстарына саяси мемлекеттік қызметші болуға және квазимемлекеттік секторда басшылық лауазымдарды иеленуге заң жүзінде тыйым салынады. Мұндай норманы Конституцияға енгізсек те артық болмайды деп санаймын.

Президенттің өкілеттігі неғұрлым көп болса, ол соғұрлым шексіз биліктің иесіне айналады.

Мемлекет басшысы облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдері шығарған актілерді жоюға немесе ондай құжаттардың қолданылуын тоқтата тұруға құқылы. Бұл норма «қолдан басқарудың» орынсыз тәжірибесінің орнығуына әкеп соқтырады және жергілікті атқарушы органдардың дербестігін әлсіретеді.

Оның үстіне қазір Президенттің аудан, тіпті ауыл әкімдерін лауазымынан босатуға құқығы бар. Мұндай заң нормаларын жою керек.

Президентті тым көп өкілеттігінен айыру еліміздегі саяси жаңғыру үдерісінің тек ілгері басуын қамтамасыз етеді. Ұсынылып отырған бастамалар «ойын ережесін» түбегейлі өзгертіп, қоғамды одан әрі демократияландыру үшін берік негіз қалыптастырады.

ЕКІНШІ. Өкілді билік тармағын қайта құру

Біз Президенттің өкілеттігін біртіндеп қысқарта отырып, Парламенттің рөлін айтарлықтай арттыруымыз керек. Сол арқылы мемлекетіміздің институционалдық тұғырын нығайтамыз. Шын мәнінде, елімізде өкілді билік тармағы мықты болуы қажет.

Халықтың сенім мандатына ие болған депутаттарға жоғары жауапкершілік жүктеледі. Олар мемлекетімізді өркендету ісіне белсене атсалысуға тиіс. Ең алдымен, Сенатты жасақтау тәртібін және оның бірқатар функциясын қайта қараған жөн.

Қазіргі таңда жоғарғы палата 49 депутаттан тұрады. Яғни, әр өңірден екі сенатор сайланады және 15 сенаторды Президент тағайындайды. Мұндай құрылым аймақтардың ерекшелігін ескеруге және заң шығару үдерісіне Мемлекет басшысының тікелей ықпал етуіне мүмкіндік беріп келді. Өз уақытында бұл барынша озық әрі тиімді тәжірибе болды. Бірақ біз алға қарай қадам басуымыз керек.

Президенттің Сенаттағы квотасын бақылаудың құралы емес, Парламентте өкілдері аз әлеуметтік топтардың үні мен ой-пікірін ескеру тетігі ретінде қарастырған жөн. Осы орайда мен Президенттің Сенаттағы квотасын 15-тен 10 депутатқа дейін азайту туралы шешім қабылдадым. Оның бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясы қазіргідей сайламайды, тек ұсынатын болады.

Парламенттің төменгі палатасында еліміздегі түрлі саяси көзқарастар көрініс табуға тиіс. Ешкімге жасанды артықшылық берілмеуі керек. Осылайша, біз Қазақстан халқы Ассамблеясының Мәжілістегі квотасын жоямыз. Менің ойымша, бұл – саяси жағынан да, заңдық тұрғыдан да дұрыс қадам. Бұл квота Сенатқа ауысады және 9-дан 5 депутатқа дейін кемиді. Соның нәтижесінде Мәжілістегі депутаттардың жалпы саны азаяды. «Аз болса да, саз болғаны» жақсы. Мұндай өзгеріс түрлі этностық топтарға мандат беріп, олардың үні жоғарғы палатада естілуіне мүмкіндік жасайды. Жалпы, Сенаттың жоғарғы палата ретінде жұмыс істеуін дұрыс әрі орынды деп санаймын.

Әлемде құрылымы унитарлы және Қазақстанға қарағанда халқы аз мемлекеттер жеткілікті. Соған қарамастан, бұл елдер қос палаталы парламент жасақтаған. Мысалды алыстан іздеудің қажеті жоқ, Еуропада да осындай тәжірибе бар.

Ал, біздің Сенат әр өңіріміздің мүддесін қорғайтын палатаға айналуға тиіс. Соған сәйкес оның өкілеттігін реформалау қажет. Конституцияға сәйкес, Сенаттың Мәжіліс мақұлдаған заң жобаларын қабылдауға немесе қабылдамауға құқығы бар. Яғни, Мәжіліс іс жүзінде жоғарғы палатаның қарсылығын еңсере алмайды. Неғұрлым тепе-тең парламенттік жүйе қалыптастыру үшін бұл тәжірибені қайта қараған жөн.

Осы орайда, Сенатқа Мәжіліс қабылдаған заңдарды тек мақұлдау немесе мақұлдамау құқығын беретін норма енгізген дұрыс деп санаймын. Соған сәйкес, заң қабылдау құқығы Мәжіліске ғана тиесілі болады.

Ал, Сенаттың өкілеттігін Конституциялық кеңес пен Жоғары сот кеңесінің төрағасы лауазымына ұсынылатын кандидаттарға келісім беру құқығымен толықтырған жөн. Бұл өзгеріс саяси жүйедегі тепе-теңдік және тежемелік механизмдерін елеулі түрде нығайта түседі, заң шығару үдерісін едәуір жеңілдетеді. Сонымен қатар, төменгі палатаның құзыретін кеңейту қажет.

Елімізде көптеген ауқымды жобалар, бағдарламалар бар. Бірақ, түрлі себептерге байланысты оларды жүзеге асыру барысы көңіл көншітпейді. Сондықтан Парламент республикалық бюджеттің сапалы орындалуына бақылауды күшейтуі қажет.

Осы орайда Есеп комитетінің орнына Жоғары аудиторлық палата құруды ұсынамын. Оның төрағасы Мәжіліс депутаттары алдында жылына екі рет есеп беруге тиіс. Осылайша, Мәжілістің мәртебесі арта түседі.

Азаматтардың өкілді билікке деген сенімін нығайту үшін мәслихаттарға баса мән берген жөн. Мықты мәслихаттар өзекті мәселелердің шешімін табуға және аймақтардағы тұрмыс сапасын жақсартуға әсер ете алады. Олардың рөлін арттырып, дербестігін қамтамасыз ету үшін Мәслихат төрағасы лауазымын енгізген жөн.

Сондай-ақ, мәслихаттардың ықпалын барынша күшейту үшін облыс әкімдерін тағайындау тәртібін өзгерту қажет деп санаймын. Қазір мәслихат депутаттары Мемлекет басшысы ұсынатын бір ғана кандидатураға келісім береді немесе келісім бермейді. Осы ретте, заңнамаға Президенттің облыс және республикалық маңызы бар қала әкімі лауазымына кем дегенде екі кандидатураны баламалы негізде ұсыну құқығын реттейтін түзетулер енгізу қажет. Осылайша, Президент облыс және республикалық маңызы бар қала әкімдерін мәслихаттарда қарау нәтижесін ескеріп тағайындайды. Бұл – өңір басшылары жанама сайлау арқылы қызметке келеді деген сөз. Бірақ, Мемлекет басшысының аймақ басшыларын мәслихаттардың келісімінсіз орнынан босату құқығы сақталады. Өкілді билік тармағын өзгерту жөніндегі бұл жаңашылдықтардың бәрі күшті парламенттік мәдениеті және ықпалды халық қалаулылары бар Жаңа Қазақстанды құруға бағытталған.

ҮШІНШІ. Сайлау жүйесін жетілдіру

Саяси жаңғырудың басты мақсаты – азаматтардың мемлекетті басқару ісіндегі рөлін арттыру. Бұл жұмысты сайлау үдерісі арқылы да жүзеге асырамыз. Біз осыдан 15 жыл бұрын конституциялық реформа аясында Мәжіліс депутаттарын пропорционалды тәсілмен сайлауға көштік. Ал 2018 жылдан бастап мәслихат депутаттарын да осы үлгімен сайлайтын болдық. Бұл қадамдар еліміздегі партиялық жүйені дамытуға тың серпін берді. Алайда, оның жағымсыз тұстары да байқалды.

Партияда жоқ азаматтар Мәжіліске ғана емес, жергілікті өкілді органдарға да сайлана алмайтын болды. Мұны ашық мойындауымыз керек. Соның салдарынан халықтың сайлау науқанына қызығушылығы күрт төмендеді. Сайлауды керек қылмайтын адамдардың қатары көбейді. Олар өздерінің дауысы маңызды екеніне, ел өмірін жақсартуға ықпал ете алатынына сенбейтін болды. Ашығын айтсақ, қазір жұрт депутаттарды аса тани бермейді. Осындай жағымсыз жайттарды ескере отырып, мен аралас сайлау жүйесіне көшуді ұсынамын. Сол кезде барлық азаматтардың құқығы толық ескеріледі.

Пропорционалды-мажоритарлы үлгіде сайлаушылардың мүддесі ұлттық және өңірлік деңгейде толық көрініс табады. Мәжілістің депутаттық корпусының 70 пайызы пропорционалдық, 30 пайызы мажоритарлық тәсілмен жасақталатын болады.

Сонымен бірге аралас сайлау үлгісі облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардағы мәслихаттар сайлауына да енгізіледі. Сайлаудың осы тәсіліне оралу біз үшін өте маңызды. Бұл қадам – партиялардың Мәжіліс пен мәслихатқа өту шегін төмендету үшін осыған дейін қабылданған шешімнің заңды жалғасы.

Бұдан былай мажоритарлық жүйе бойынша әрбір аймақ Парламенттің төменгі палатасына өзінің кемінде бір депутатын сайлай алады. Жаңа үлгі көзқарасы әртүрлі азаматтардың Мәжіліске келуіне мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, аудандар мен қалалардағы сайлауды толығымен мажоритарлық жүйеге көшіруді ұсынамын. Бұл жүйе жергілікті жерде бәсекелі саяси ортақалыптастырады.Оғанқоса,елдіңалдындабеделі бар жаңа тұлғалардың саясатқа келуіне жол ашады.

Императивті мандатқа көшу де депутаттардың сайлаушылармен өзара байланысын нығайта түседі. Бір сөзбен айтқанда, енді сайлау алдында берген уәдесін орындамаған депутатты кері қайтаруға болады. Бұл – халық қалаулыларына ықпал етудің тағы бір жолы. Осы ұстаным демократия дәстүрлерін едәуір нығайтады. Өзара жауапкершілік пен сенімге негізделген жаңа саяси мәдениетті қалыптастырады.

Пропорционалды және мажоритарлы жүйе қатар қолданылса, саяси партиялардың рөлі сақталады. Олар еліміздегі азаматтық қоғамның басты институттарының бірі ретінде қала береді. Сонымен бірге бұл жүйе сайлауды әділ өткізуге және мемлекетті тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Аралас сайлау үлгісі азаматтардың саяси белсенділігін арттырып, елімізді жаңғырту үдерісіне жұмылдыра түседі деп сенемін.

ТӨРТІНШІ. Партиялық жүйені дамыту мүмкіндіктерін кеңейту

Жаңа Қазақстанды құру ісі адал әрі еркін саяси бәсеке болуын қамтамасыз етуден бастау алады. Осыған байланысты, біз партияларды институционалдық және ұйымдастырушылық жағынан дамытуға барынша қолайлы жағдай жасауымыз керек.

Партияларды тіркеу ресімі едәуір жеңілдейді. Тіркеу шегін 4 есеге – 20 мыңнан 5 мың адамға азайтқан жөн. Өңірлердегі өкілдер саны 600-ден 200 адамға төмендетіледі. Партия құру үшін азаматтардың бастамашыл тобының ең төменгі саны

үштен бірге, яғни 1000-нан 700 адамға азаяды. Сондай-ақ, құрылтай съезін өткізуге және филиалдарды құруға берілетін уақыт көбейеді. Бұл мәселелерді либералдандыру еліміздегі саяси кеңістікті дамыту үдерісін едәуір жандандырады. Өз сайлаушыларының қордаланған проблемаларын сауатты жеткізіп, тиімді шешуге қабілетті жаңа партиялар пайда болады.

БЕСІНШІ. Сайлау үдерісін жаңғырту

Халықаралық тәжірибеде сайлауды ұйымдастыру жүйесі ұдайы өзгеріп отыратыны белгілі, яғни әділ және ашық сайлау өткізу үшін тиімді шешім іздеудің маңызы зор. Соңғы жылдарда бұл үдеріске ақпараттық және технологиялық факторлармен бірге, коронавирус індеті де әсер етуде.

Көптеген елдер дауыс берудің баламалы түрлерін пайдаланып жатыр. Яғни, электронды, мерзімінен бұрын, қашықтан, көпкүндік дауыс беру тәсілдері кеңінен қолданыла бастады. Сондықтан әлемдегі үздік тәжірибелерді зерттеп, қажет болса, оны біртіндеп енгізген жөн.

Байланыс технологиялары қарқынды дамып жатқан қазіргі заманда кандидаттар мен партиялардың әлеуметтік желідегі белсенділігінің маңызы зор. Бірақ, әлеуметтік желідегі үгіт-насихат қолданыстағы заңнама арқылы реттелмеген. Соған қарамастан сайлау науқаны кезінде онда үгіт-насихат жұмыстары бәрібір жүргізіледі. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін тиісті регламент пен ережені бекіте отырып, әлеуметтік желіде үгіт-насихат жүргізуге заң бойынша рұқсат беруді ұсынамын.

Сондай-ақ, байқаушылардың қызметін заңмен реттеу керек. Бұл институт та ашық сайлау жүйесінің ажырамас бөлігі саналады.

Демократия тарихы дегеніміз – ең алдымен, сайлау рәсімдерін жетілдіру тарихы. Сондай-ақ сайлау заңнамаларының сақталуын бақылау тарихы деуге болады. Осы орайда, мен байқаушылардың құқықтары мен жауапкершілігі нақты белгіленуге тиіс деп санаймын.

Сайлауды ұйымдастыру және өткізу кезінде аумақтық сайлау комиссиялары да маңызды рөл атқарады. Былтыр ауыл әкімдерін тікелей сайлау жүйесі енгізілгені белгілі. Осыған байланысты сайлау науқаны бүкіл еліміз бойынша үздіксіз үдеріске айналды.

Енді аумақтық сайлау комиссияларының жұмыс тәсілін қайта қараған жөн. Олар бұл іспен кәсіби түрде айналысуы қажет. Біз бір азаматтың екі рет дауыс беруін болдырмауға тиіспіз. Сондай-ақ азаматтарымыз кез-келген учаскеде дауыс бере алуы керек. Сол үшін сайлаушылардың бірыңғай электронды базасын құру мүмкіндігін қарастыру қажет. Жекелеген тұлғалардың сайлау барысына ықпал етуіне жол бермеу үшін сайлау қорына салынатын қаржының жоғарғы шегін нақтылау керек. Конституция және халықаралық құқық бойынша Қазақстандағы кез-келген сайлау – біздің ешкім араласуға қақы жоқ ішкі ісіміз. Бірақ, бұл норма сайлау нәтижесіне шетелден ықпал етуге әрекет жасау ықтималдығын жоққа шығармайды.

Қазір әлемде түрлі гибридті қауіптер, оның ішінде сайлау технологияларын қолдану арқылы жасалатын қатерлер көбейіп келеді. Осы және басқа да жайттарды ескере отырып, елімізде өтетін сайлауларға шетелдердің қандай да бір араласуына жол бермеу үшін заңнамалық деңгейде нақты шаралар қабылдауға тиіспіз. Сол үшін, ең алдымен, кандидаттардан бастап байқаушылар мен БАҚ-қа дейін, сайлау науқанына қатысушылардың барлығының қаржылық қызметі барынша ашық болуын қамтамасыз етуіміз керек.

АЛТЫНШЫ. Құқық қорғау институттарын күшейту

Конституцияның ең жоғары заңдық күші бар. Ата заңымыз – еліміздің бүкіл құқықтық жүйесінің тірегі. Алайда, белгілі бір заң актісі немесе шешім оған сай келе ме деген сұраққа нақты жауап беру қиындық тудыратын кездер болады.

Қазақстандағы түрлі құқық нормаларын Конституциялық кеңес түсіндіреді. Бірақ, азаматтар осындай түсініктеме алу үшін бұл органға тікелей жүгіне алмайды.

Көптеген мемлекетте Конституциялық сот институты бар. Оған кез-келген адам өзінің сауалын жолдай алады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мұндай орган Қазақстанда болған. Сарапшылар Ата заң ережелерінің мүлтіксіз сақталуын осы мекеме тиімді қамтамасыз етеді деп санайды. Соны ескере отырып, мен елімізде Конституциялық сот құруды ұсынамын.

Бас прокурор мен Адам құқығы жөніндегі уәкілге де Конституциялық сотқа жүгіну мүмкіндігін берген жөн. Бұл бастамалар әділ әрі құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды қадам болады деп сенемін. Сондай-ақ, институционалдық тұрғыдан тепе-теңдікті сақтауға ықпал етеді. Оған қоса азаматтарымыздың конституциялық құқығының қорғалуын жақсарта түседі.

Азаматтардың іргелі құқықтарын қорғау мәселесіне менің айрықша мән беретінімді баршаңыз білесіздер. Еліміз 2020 жылы өлім жазасына тыйым салуды көздейтін Азаматтық және саяси құқықтар туралы екінші факультативтік хаттамаға қосылды. Ал, былтыр мен бұл саланы ұзақ мерзімде және кешенді түрде дамытуға бағытталған Адам құқықтары саласындағы одан әрі шаралары туралы Жарлыққа қол қойдым. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің қатысуымен бұдан басқа да бірқатар заманауи бастамалар жүзеге асырылды.

Дегенмен, құқық қорғау мәселелері үнемі жетілдіріп отыруды қажет етеді. Сондықтан өлім жазасына тыйым салу туралы шешімді біржола бекіту үшін Конституцияға тиісті өзгеріс енгізу қажет деп санаймын.

Азаптауға байланысты қылмыстарды тергеу ісінде жүйелі ұстаным болуы маңызды. Қазіргі таңда осы мәселеге жауапты нақты бір орган жоқ. Мұндай жағдай белгілі бір тәуекелдер туындатуы мүмкін. Сондықтан бұл құзыретті Бас прокуратураға беруді ұсынамын.

Осындай ұстаным тергеудің объективті және бейтарап жүргізілуін қамтамасыз етіп, құқық қорғау саласындағы бассыздықты жазасыз қалдырмау қағидатын бекіте түседі.

Сонымен бірге қоғамдағы зорлық-зомбылық деңгейін төмендету үшін жүйелі шаралар қабылдау керек. Бұл ретте, отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтарға тиімді қарсы тұру маңызды рөл атқарады.

Бүгінде азаматтар мен қоғам белсенділері әйелдерге және балаларға зорлық-зомбылық көрсеткендердің жазасын қатайту қажеттігін жиі айтып жүр. Мен бұған дейін мұндай құқық бұзушылықтарды қылмыс санатына жатқызудың орынды, я орынсыздығын анықтау туралы нұсқау бергенмін. Бас прокуратураға бұл мәселені жан-жақты зерделеп, біржола шешуді тапсырамын.

Мен Прокуратура және Адам құқығы жөніндегі уәкіл туралы конституциялық заңдар қабылдау қажет деп санаймын. Бұл құжаттар заң тәртібін күшейту және құқық қорғау қызметін ұдайы жетілдіру үшін қажет.

Барлық деңгейдегі соттар, шын мәнінде, тәуелсіз, ашық және кәсіби болмаса, заң үстемдігін қамтамасыз ету мүмкін емес. Мемлекет осыған орай аукымды жұмыс жүргізуде.

Кадр іріктеудің жаңа жүйесі енгізіліп, сот үдерісі мен рәсімдерінің ашықтығы біртіндеп арта түсуде. Бұл ретте, Жоғары сот кеңесі маңызды рөл атқарады. Осы құрылым Президенттің соттарды жасақтау жөніндегі конституциялық өкілеттігін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, судьялардың тәуелсіздігіне және оларға ешкімнің қол сұқпауына кепілдік береді.

Кеңестің қызметі қоғам үшін толық ашық болуы өте маңызды. Бұған Жоғары сот кеңесінің конкурстық рәсімдерінен онлайн трансляция жасау арқылы қол жеткізуге болады. Сонымен қатар мұндай конкурстардың қорытындыларын нақты дәлелмен түсіндіріп, жариялап отырған жөн.

Алқабилер сот төрелігін жүзеге асыруға қоғам өкілдерінің кеңінен қатысуына жол ашады. Қазақстанда алқабилер тек аса ауыр қылмыстар бойынша үкім шығара алады. Біз бұл саланы одан әрі дамытып, алқабилердің қарауына берілетін істердің санатын кеңейтеміз. Бұл жаңашылдық сот жүйесін демократияландыруға және оған қоғамның сенімін арттыруға мүмкіндік береді.

ЖЕТІНШІ. Бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілетін арттыру және азаматтық қоғам институттарының рөлін нығайту

Бұқаралық ақпарат құралдары бәсекеге қабілетті және еркін болуы керек. Бұл қағидат қазір кез-келген өркениетті ел үшін айрықша маңызды. Отандық ақпарат құралдарының Қазақстанда, өңірде және әлемде болып жатқан үдерістер туралы өз көзқарасы болуға тиіс.

Еліміздің ақпараттық қауіпсіздігі, тіпті идеологиялық дербестігі осыған тікелей байланысты.

Мемлекет ашық ақпараттық кеңістік пен сұранысқа ие әрі пәрменді ақпарат құралдарын құруға айрықша назар аударады. Бұқаралық ақпарат құралдары билік пен халықтың арасындағы тиімді байланыс арнасы бола отырып, елдегі қордаланған мәселелерді көтере алады және көтеруге міндетті. Бірақ, мұны жоғары азаматтық жауапкершілікпен жасау керек.

Біздің қоғамымызды ыдырату үшін сырттан берілетін тапсырыстармен жұмыс істеуге немесе көлеңкелі қаламақы үшін саяси кландардың астыртын тартысына қатысуға болмайды.

Журналистер өз еліне және азаматтарына шынайы жанашыр болуға тиіс. Бұқаралық ақпарат құралдары бекерден бекер «төртінші билік» атанбаса керек. Сол себепті сіздер жұрттың санасы мен сезіміне ықпал ету мәселесіне мұқият қарағандарыңыз жөн. Мен мұны журналистер қауымына арнайы айтып отырмын.

Тәуелсіз әрі жауапкершілігі жоғары бұқаралық ақпарат құралдары болмаса, қоғамды одан әрі демократияландыру мүмкін емес екеніне сенімдімін. Сондықтан мемлекеттің мүддесін, қоғамның сұранысын және медиасаланың даму үрдісін ескере отырып, БАҚ туралы заңды қайта қарау керек.

Қоғамдық ұйымдардың қызметі елімізді орнықты және жан-жақты дамытудың тағы бір маңызды факторы саналады. Үкіметтік емес ұйымдар маңызды әлеуметтік мәселелерді ұдайы көтеріп, оларды кешенді түрде шешуге септігін тигізіп келеді.

Қазір Қазақстанның алдында тұрған міндеттер мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың тығыз ынтымақтастықта жұмыс жүргізуін, азаматтық қоғам институттарын жүйелі түрде жаңғыртуды талап етеді.

Реформаларды әзірлеу және оны жүзеге асыру ісіне қоғамдық ұйымдар мен белсенді азаматтарды барынша тарту қажет. Сол үшін, ең алдымен, ұлттық жобалар мен стратегиялық құжаттардың бәрі ашық талқылануын қамтамасыз ету керек. Бұл мәселе бойынша жасанды пікірталас өткізіп, көзбояушылық жасауға болмайды.

Біз елімізде азаматтық белсенділікті жандандыруымыз керек. Мемлекет пен қоғамның саналы әрі сындарлы серіктестігіне жол ашуымыз қажет. Сол себепті орталық және жергілікті органдардың, квазимемлекеттік сектордың жанындағы қоғамдық кеңестерді дамытып жатырмыз. Мен бірнеше рет олардың қызметіне қатысты сын айтқан болатынмын.

Дегенмен, бұл кеңестердің орасан зор институционалдық әлеуеті бар. Соны толығымен жүзеге асыру керек.

Биыл менің бастамам бойынша осы кеңестердің құрамы және жұмыс жоспары түбегейлі жаңаратын болады. «Кеңесіп пішкен тон келте болмас» деген нақыл сөз бар. Бабаларымыз ел тағдырын айқындайтын тарихи шешімдерді бүкіл халық болып ақылдасып, бірге қабылдаған.

Ұлытауда, Ордабасы мен Күлтөбеде өткен ұлы басқосулар – соның айқын дәлелі. Келелі жиында айтылған кесімді сөзге алты Алаштың баласы түгел тоқтаған. Біз бірліктің бастауы болған осы дала демократиясының дәстүрін жаңғыртуымыз керек.

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі өз міндетін табысты атқарды. Енді оның орнына құрамы жағынан ауқымды Ұлттық құрылтай құруды ұсынамын. Жаңа құрылым Ұлттық кеңестің қызметін жалпыхалықтық деңгейде жалғастырады.

Құрылтай қоғамдық диалогтың біртұтас институционалдық моделін қалыптастыруға тиіс. Сөйтіп, билік пен халықтың арасындағы дәнекерге айналатын болады. Қазіргі Қоғамдық кеңестердің бәрін өз айналасына топтастырады.

Ұлттық құрылтайдың құрамында еліміздегі барлық аймақтың өкілдері болады. Сондай-ақ, оған Парламенттің бірқатар депутаты, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Азаматтық альянстың, қоғамдық кеңестер мен ұйымдардың мүшелері, беделді қоғам қайраткерлері, өндіріс және ауыл шаруашылығы жұмысшылары, бизнес өкілдері және тағы басқа азаматтар кіреді. Осылайша, сан түрлі қоғамдық пікір иелерін түгел қамтитын өкілді құрылым қалыптасады. Ұлттық құрылтай мүшелері маңызды мәселелерді талқылау үшін тұрақты түрде бас қосып отырады.

СЕГІЗІНШІ. Еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымын жетілдіру

Сайлау жүйесіне, Парламентті жасақтау тәртібіне өзгеріс енгізген кезде елдің әкімшілік-аумақтық құрылымын ескеру керек. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бірнеше облыс біріктірілді. Оның сол кездегі саяси және экономикалық ахуалдан туындаған өзіндік себептері болды.

Қазір Қазақстан дамудың келесі кезеңіне қадам басты. Әлеуметтік-экономикалық және демографиялық ахуал мүлде басқа.

Бүгінгі сын-қатерлер де, міндеттер де бөлек.

Мемлекетіміздің өркендеуі аймақтардың қуатты болуына тікелей байланысты. Мен бұл мәселеге 2019 жылғы Жолдауымда кеңірек тоқталдым.

«Қуатты өңірлер – қуатты ел» деген ұстаным әрдайым өзекті. Осы орайда, еліміздегі әкімшілік-аумақтық құрылымның оңтайлы болуы өте маңызды. Бұған дейін Шымкент республикалық маңызы бар қалаға айналды. Облыс орталығы Түркістан қаласына көшірілді.

Сонымен бірге Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан облысы деп аталды. Бұл қай жағынан алсақ та дұрыс қадам болды. Оны халық өте жылы қабылдады. Мен «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаламда осы үрдіс жалғасатынын айтқан едім.

Содан бері азаматтарымыздан көптеген ұсыныстар келіп түсті. Менің тапсырмам бойынша оның бәрі мұқият зерделенді. Халықтың қалауын ескеріп, мен бүгін бірқатар бастама көтергелі отырмын.

Ең алдымен, Семей аймағында Абай облысын құруды ұсынамын.

Семей қаласы жаңа облыстың орталығы болады. Осы мәселені аймақ тұрғындары көптен бері айтып жүргенін білемін. Қазір ол жақта шешімін таппаған түйткілдер аз емес. Мысалы, аймақтың ішкі инфрақұрылымы әбден тозған. Кезінде Алаш арыстарының басын қосқан Семей қаласының жағдайы да мәз емес. Біз тарихи әділдікті орнатып, ұлыларымыз дүниеге келген киелі өлкені қайта жаңғыртуға тиіспіз.

Тағы бір мәселе. Бұрынғы Жезқазған облысының аумағында Ұлытау облысын құру қажет. Жезқазған қаласы қайтадан облыс орталығы болады. Бұл аймақта дербес облыс құру – экономикалық қана емес, рухани жағынан да маңызды шешім.

Кең байтақ қазақ жерінің дәл жүрегінде орналасқан Ұлытаудың төл тарихымыздағы орны ерекше. Ел тағдыры шешілген ұлы жиындар осында өткен. Сарыарқаның төрінде орналасқан бұл аймақтың туристік әлеуеті өте зор. Оның өндірістік қуатын, логистикалық мүмкіндігін ұтымды пайдалану керек. Бір сөзбен айтқанда, біз Ұлытау аймағының дамуына жол ашамыз.

Үшінші мәселе. Алматы агломерациясына қатысты түйткілдер көп. Облыс тұрғындары негізінен қала төңірегіне шоғырланған. Ұзынағаштағы немесе Талғардағы мәселені сонау Талдықорғанда отырып шешу оңай емес. Облыс орталығына бару үшін халықтың алысқа сабылуына тура келеді. Осы және басқа да жайттарды ескере отырып, Алматы облысын екіге бөлуді ұсынамын.

Бұл өңірде Жетісу және Алматы облыстары құрылады. Алматы облысының орталығы Қапшағайда болуы керек. Ал, Жетісу облысының орталығы Талдықорғанда орналасады. Бұл қадамдар аймақтарды дамыту ісіне тың серпін береді деп санаймын.

Жалпы, жаңа облыстардың құрылуы – көпшіліктің көкейінде жүрген мәселе. Кезінде облыс мәртебесінен айырылған өңірлерде тұрғындар саны азайып, тұрмыс сапасы төмендеп кеткені жасырын емес. Осы олқылықтың орнын толтыратын кез келді.

Әкімшілік-аумақтық өзгерістер мемлекеттік басқару үдерісін жеңілдетеді. Жұрттың облыс орталығына барыс-келісін оңайлатады.

Ішкі көші-қон мәселесін реттеуге септігін тигізеді.

Жаңадан құрылатын облыстардың Абай, Ұлытау, Жетісу деп аталуында ерекше мән бар. Біз ұланғайыр жеріміздің байырғы аталарын, ұлы тұлғаларымыздың есімін ұрпақ санасында жаңғырта береміз. Мәселен, Қапшағай қаласы халқымыздың біртуар перзенті – Дінмұхамед Қонаевтың есімімен тығыз байланысты. Егер жұртшылық Қапшағайға Қонаевтың есімін беру керек деп ұсыныс айтса, мен бұл пікірге қосыламын. Мен мұның бәрін азаматтардың ұсыныс, пікірлеріне сүйеніп айтып отырмын. Жергілікті тұрғындар жаппай қолдаса, осы бастамаларды таяу арада жүзеге асыруға болады деп санаймын.

Үкіметке әкімшілік-аумақтық құрылымға қатысты мәселелерді мұқият саралап, оны іске асыру жолдарын ұсынуды тапсырамын. Бұл – оңай шаруа емес. Оның бәрін жан-жақты ойластырып, байыппен жасауымыз керек. Бұл ұсыныстар облыс және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері аппаратындағы мемлекеттік қызметшілер санын оңтайландыру жөнінде шаралар қабылдауға да мүмкіндік береді. Оларды қысқарту өңір тұрғындарының санына қарай жүзеге асырылады. Қалай болғанда да, әкімнің орынбасарлары үшеуден аспауы керек. Ерекше жағдайда ғана төртіншісіне рұқсат беріледі.

Президент Әкімшілігі бұл мәселені бақылауына алуға тиіс.

ТОҒЫЗЫНШЫ. Жергілікті өзін-өзі басқаруды орталықсыздандыру.

Билікті орталықсыздандыру үдерісін терендете түспесек, саяси жаңғыруды табысты жүргізу және азаматтық қоғамды дамыту мүмкін емес. Біз нақты өкілеттіктерді орталықтан өңірлерге беру ісін жалғастырамыз. Ең алдымен, мемлекет пен жергілікті өзін-өзі басқару институттарының міндеттерін тиімді ажырату қажет.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың мықты жүйесі азаматтардың өзі тұратын жердегі тұрмыс сапасын жақсартуға тікелей қатысуына негіз болатынын түсінуіміз керек. Қазақстандықтардың өз қаласы, ауданы мен ауылына деген жауапкершілікті мойнына алуға қашанда дайын екені анық. Адамдарды жете бағаламауға болмайды. Оларға қолдарынан келетін өкілеттіктерді беруден қорықпаған жөн.

Саяси жаңғыру аясында мәслихаттар жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі буынына айналуға тиіс. Бүгінде олар жергілікті мемлекеттік басқару әрі жергілікті өзін-өзі басқару институты ретінде гибридті сипатқа ие болып отыр. Сондықтан мәслихаттардың өкілеттігін нақты белгілеу қажет.

Өңірлерді қаржыландыру жүйесін түбегейлі қайта қараған жөн. Қазіргі кезде ауылдық округтер жоғары тұрған әкімдерге толығымен тәуелді. Сондықтан мардымсыз қолдауға ие болуда. Әкімдер сайланатынын ескеріп, халықаралық озық тәжірибеге сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару органдарын тікелей қаржыландыру тәсілін енгізген дұрыс болар еді.

Сондай-ақ олардың меншік базасын едәуір кеңейту қажет. Олар елеулі ресурстарменен сонымен қатар жауапкершілік алады. Олай болмаған жағдайда, бұл өзін-өзі басқару емес, жай ғана алдамшы нәрсе болып шығады. Осыған байланысты қажетті дайындық жұмыстарының бәрін биылғы жылдың ортасына дейін аяқтау керек.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдары үшін мемлекеттік сатып алу тәртібін жеңілдету, бюрократия мен формализмді жою маңызды қадам болмақ.

Үкіметке Президент Әкімшілігімен бірлесіп, берілген тапсырмаларды жүзеге асыру тәсілдерін пысықтауды және соның бәрін «Өзін-өзі басқару туралы» заңды әзірлеу кезінде ескеруді тапсырамын. Сонымен қатар бұл саладағы халықаралық базалық құжат болып саналатын Жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық хартиясын Қазақстанның ратификациялауы мәселесін пысықтау қажет. Бұл шаралардың барлығы өз айналасындағыларды жұртшылықты толғандырған проблемаларды тиімді шешу ісіне жұмылдыра алатын, нағыз беделді, жауапкершілігі мол жергілікті көшбасшылардың шығуына септігін тигізетін болады.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің нығая түсуі өңірлерді дамыту, масылдық көңіл-күйді төмендету және еліміздегі демократиялық өзгерістерді орнықтыру үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

ОНЫНШЫ. Дағдарысқа қарсы кезек күттірмейтін шаралар туралы

Геосаяси ахуалдың қатты ушығып кетуіне байланысты Қазақстан қазіргі тарихымызда болып көрмеген қаржылық-экономикалық қиындықтарға тап келіп отыр. Қатаң санкциялық тайталас қазірдің өзінде жекелеген елдерді ғана емес, тұтас жаһандық экономиканы елеулі шығынға ұшыратуда. Ахуал жедел, тіпті сағат сайын өзгеруде. Әлемдік нарықта белгісіздік пен тұрақсыздық өршуде. Өндірістік және сауда жүйелері күйреп жатыр. Бірақ соған бола байбалам салуға негіз жоқ. Біздің елімізде аукымды дағдарысты еңсеруге қажетті резервтер мен амал-тәсілдердің бәрі бар.

Үкімет дағдарысқа қарсы кезек күттірмейтін кешенді шаралар топтамасын тез арада жүзеге асыруға міндетті. Ең алдымен, ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету керек. Бұл – біздің экономикалық қауіпсіздігіміздің негізгі факторы.

Соңғы кездегі оқиғалар теңге бағамына орасан зор қысым жасалғанын көрсетті.

Мұны өздеріңіз де көріп отырсыздар.

Валюта нарығындағы тұрақсыздық жұрттың үрейленуіне, капиталдың елден шығарылуына, транснешекаралық «жасырын» ақша аударылымдарына байланысты болып отыр.

Сондықтан, қаржы саласында өршіп тұрған жасанды сұранысты, соның ішінде сырттан келген сатып алушылардың белсенділігінен туындаған сұранысты азайту қажет.

Алдыңғы күні мен валютаны шетелге шығаруға шектеу енгізетін жарлыққа қол қойдым.

Ірі институционалдық құрылымдар шетел валюталарын тек өздерінің шарттық міндеттемелерін орындау аясында ғана сатып алып, сұранысты қамтамасыз етуі керек.

Мемлекеттің қатысуымен экспорттық валюта түсімдерін сату көлемін арттыру мәселесін пысықтаған жөн. Жер қойнауын пайдаланушы жеке сектордың да өз валюта түсімдерін сатуын күтемін.

Екінші деңгейдегі банктер өздерінің шарттық міндеттемелерін орындау барысында клиенттерінің валюта алуына бақылау және мониторинг жүргізуге тиіс.

Банктердің осы талаптарды сақтауына қатаң бақылау жасаған жөн.

Нарықтағы алаяқтық әрекеттер ешқашан да қорымыздағы қаржыны орынсыз «жаратуға» түрткі болмауға тиіс.

Үкімет, Ұлттық банк, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бұл бағытта шешуші шаралар қабылдауы керек.

Жалпы, ұтымды шешімдер қажет.

Аса тұрақсыз халықаралық жағдай қалыптасқан қазіргі кезде еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызы зор.

Украинадағы оқиғалар азық-түлік бағасының күрт өсуіне әкеп соқтырды.

Таяу уақытта бұл бағалар шарықтап кетуі де әбден мүмкін.

Осыған орай, егін егу науқанын сапалы өткізуге баса назар аударылады.

Бірақ, көптеген шаруалар егіске әлі дайын емес.

Үкімет пен әкімдіктер бұл жұмысты ерекше бақылауға алуға тиіс.

Шаруалардың қажетті жанар-жағар майды қолайлы бағамен алуын қамтамасыз ету керек.

Ауыл шаруашылығы техникаларының дайындығын, тұқым мен тыңайтқыш қорларын қайта тексерген жөн.

Бірқатар өңірлердегі жауын-шашынның аздығы егіннің шығымын мандытпай, жемшөптің жетіспеуіне әкеп соқтыруы мүмкін екенін ұмытпайық.

Жалпы, фермерлер қауымдастығымен бірлесіп, агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік қолдау тәсілдерін қайта қарау керек.

Тапшылықтың және азық-түлік бағасының жөнсіз қымбаттауының алдын-алу үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін мемлекеттік тұрақты қорларға форвардтық бағалармен сатып алу мәселесін пысықтау қажет.

Алмағайып өзгерістер жағдайында мемлекеттік аппарат ахуалға тез бейімделіп, барынша үйлесімді әрекет етуге тиіс.

Шешімді жайбасарлықпен қабылдауға, шенеуніктік формализмге жол берілмейді.

Қазір толықтай жұмылуымыз қажет.

Бизнес өкілдерінің және азаматтардың нақты сұранысы негізінде шешімдер әрі кеткенде үш күн ішінде, тіпті, қажет болса бір тәулікте қабылдануға тиіс.

Үкімет жанынан құрылған Жедел штаб ақпаратқа сол сәтте талдау жасайтын, сондай-ақ нақты шұғыл шаралар әзірлейтін Ахуалдық орталық сияқты жұмыс істеуі керек.

Еліміздің дамуын мейлінше тежейтін шектен тыс бюрократияланды жүйелі түрде жойып отыру қажет.

Оның ауқымы ұлғайғаны соншалық, көптеген мемлекеттік құрылымдар өзін тек сонымен ғана байланыстырады.

Жақын уақытта мен Мемлекеттік аппарат қызметін бюрократиядан арылту туралы жарлыққа қол қоямын.

Бұл құжат мемлекеттік органдардағы ішкі рәсімдерді түбегейлі қайта қарап, заң шығару және бюджет үдерістерін оңтайландырудың бастауына айналады.

Сонымен қатар, саяси жаңғыру стратегиясын ескере отырып, экономика мен мемлекеттік басқару ісіндегі жаңа құрылымдық реформалар топтамасын әзірлеуге жедел кіріскен жөн.

Жаңа Қазақстанның іргетасы саяси және экономикалық реформалардың үйлесімді байланысы негізінде қалануға тиіс.

Бұл біздің елімізді дәйекті түрде ілгері дамытуды және азаматтардың тұрмыс деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді.

Жаңа Қазақстан – жаңару мен жаңғыру жолы, бүгінгі буынның болашақ ұрпаққа аманаты.

Ендеше, Жаңа Қазақстанды бірге өркендетейік, ағайын!

Қастерлі Отанымыздың тұғыры мығым, абыройы биік болсын!

Баршаңызға рақмет!

НАУРЫЗ – АНА

(Ибраимқұлова Гүлжахан Жазықбайқызымен сұхбат)

Осынау, мандайын торлаған әжімі мен ақ ұлпадай шаштары ақсары нұрлы жүзіне жарасып тұрған анамыздың ұзақ-сонар әңгімелерін естіп келе жатқаныма да біршама жылдың жүзі болды. Жасынан жетімдікті көргені аздай, қырыққа толмай жатып күйеуінен жесір қалып, алты баланы қатарынан қалдырмай аялап өсіріп, санатқа қосқан ардақты жан туралы неге бір мақала жазбасқа деген ой да маза бермегелі біраз болды. Мына өмірдің қиыншылығы мен тағдырдың тауқыметін мойымай көтере біліп, бүкіл бір әулетке ұйытқы болып отырған сабырлы да төзімді, ақылдың кені болған осындай анамыздың ғибратты ғұмырын неге келер ұрпаққа үлгі-өнеге тұтпасқа?! «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген атадан қалған жақсы бір тәрбиелі сөз бекер айтылмаған болар...

Көптен бері көңілде жүрген осы бір ойдың жүзеге асар сәті бүгінге сай келіп тұрғандай. Сөйтіп, дастархан басындағы бүгінгі басқосуымызда Гүлжахан анамызды сөзге тарттым:

– Тәте, қытайдағы туған жеріңіз, бала күніңіз бен ол жақтағы өмірлеріңіз, бергі советке өткендегі жағдайларыңыз туралы, және жалпы алғанда үш ғасырға жуық Ресей империясының отаршылдығы заманындағы ұлтымыздың басына түскен қасірет біздің қазақ ұлтының бар әулетіне өз зардабын тигізгеніне тарих куә. Сол бір ел-жұртымыз үшін ауыр болған қасіретті кезеңдер, жылдар туралы да біраз

әңгімелеп берсеңіз, – дегенді айтып ол кісінің назарын өзіме аударттым.

Сұхбаттасымыз «жақсы» дегендей келісім ишарасын білдірді де, сәл ойланып барып жарқын жүзіне жарасты ашық үнімен бізге деген әңгімесін бастап кетті.

«...Әкемнің есімі – Жазықбай, шешемнің аты – Зора, дүниеге келгеніміз сегіз бала, екеуі ертерек қайтыс болып, алтауымыз өсіп-өніп, үйлі-баранды болдық. Қыздардан – Күлшария, Күләйімхан, мен, ұлдардан – Мұқажан, Сейітқазы, Шәймерден. Сол ел басына түскен үркіншілік, зұлматты ашаршылық жылдары әкем Суан ішіндегі Мырзагелдінің Қожекесінен тараған ағайындарымен 1930 жылдары шекара асып жан сақтаған. Мен өмірге 1941 жылы күз айында келіппін. Сол арғы беттегі туып-өсіп, балалық шағым өткен елді мекен Жарсу деп аталатын. Әкем екі бауырымен қатар-қатар қарайлас, бір-біріне жақын отыратын. Әудем жерде Тезекбай деген кісі ағайынымен, тағы сондай жерде мен тұрмысқа шыққан Қойата (Қошқарлар) ауылы, сөйтіп іргелес орналасқан бәрі өзіміздің Суандар-тұғын. Негізгі айналысқан шаруашылықтары бірде-екілі мал мен суармалы егіншілік және мейнам айдайды. Жоқшылық, қиыншылық кезең болды, арасында байларға жалданып жұмыс жасайды.

Әлі есімде, бойжетіп қалған кезім – сол бір жоқшылық жылдары бір жылға бір адам 5 метр мата ғана сатып алады да содан киім тігіп киеді. Дүкенде арнайы тізім бар, одан артық мата сатылмайды да, берілмейді. Міне, сол үшін де біздерде басқа артық-ауыс, бірі тұрып екіншісін алмастырып киер киіміміз де болмады. Жаздай жалаң аяқпыз және сібелердің қолдан шүберектен тігетін «кәй» деген аяқ киімі бар, ауыл арасына шыққанда сонымен жүреміз. Ал, қыста бір кең қонышты құрым етігіміз бар соны кезектесіп киюші едік», – деп Гүлжахан анамыз бір сәт ойға шомған қалыпта өткен күндерін еске алды.

Мен де іштей, еліміздің өткен тарихына қысқаша шолу жасап отырмын.

...Кеңес өкіметінің озбырлық саясатына шыдамай қазақ өз атақонысынан ауа көшіп босқынға айналды, мал-жан, ағайыннан тірідей ажырап, замана қасіретінен, отарлық езгіден шейіт болған жандар қаншама. Мыңдаған қазақ большевиктік орыс пен қытайдың қыспағында көрмегенді көріп, азапты жылдарды басынан өткерді. Сонда да рухы биік еліміз келешекке деген үмітін жоғалтқан емес. Сол сенім мен рух алдамады, қазір біз тәуелсіз дербес қазақ еліміз, мемлекетпіз! Әлемдік аренада өзіндік орны бар бірегей ұлттың біріміз!

Иә, еліміздің өткені, тарихы болашақ үшін үлкен сабақ. Сондықтан да аға ұрпақтың өнегелі қасиетін ардақ тұту бәріміз үшін де, ұрпақ тәрбиесі үшін де баға жетпес рухани құндылық. Мен бар зейініммен тыңдап отырмын, біраз ойын жинақтап алған тәтем сөзін әрі қарай жалғастырды:

«Міне, жасым сексенге келсе де, кейін советке келгенде туыстарымыздан естіген сол бір қасіретті жылдардың елесіндей болып санамда қалған осы бір әңгіме әлі күнге жадымнан өшер емес.

Сол менің 4-5 жастағы кезім болса керек, анық есімде жоқ. Шешем Зораның бауыры Әбілда нағашымның бірге туған туысына деген мейірімділігі мен бауырмалдығына шек болмаған-ау, сірә. Сөйтіп, бауырға деген сағыныш жанына маза бермей, туған бауыры үшін мына дүниені тәрк етіп, басына төнген қатерге қарамай жолға шығады. Тәуекел деп Ресей мен Қытайды бөліп жатқан Қорғастың суын жаяу кешіп, арғы бетке өткені сол-ақ екен, шекара күзетуші қытай шеріктеріне ұсталып қалады. Дереу апарып абақтыға жабады. Қамауда жатып ебін тапқан Әбілда нағашым қытай қазақтарына есімі кеңінен таныс, сол аймақтағы сақшылардың бастығы Суаннан шыққан Қожаназар деген кісіге хабар айтқызады. Себебі, нағашымның әйелі сол Қожаназардың ағайынды жақын кісілерінің қызы болғандықтан екеуі шекараның екі жағында болса да бір-бірін жақсы танитындығы осы жерде арқау болған екен. Хабар жеткен соң Қожаназар да қарап қалмай көмек қолын созып, өзі кепіл болып, қамауда жатқан жерінен бір күнге рұқсат алып береді.

Содан, қолы кісендеулі, жүзін бауырға деген сағыныштың жасы бұлаған, екі жағында қарулы сақшысы бар Әбілда нағашым Жарсуға келеді ғой. Қайнысын алыстан таныған әкем:

– Әй, Зора! Бауырың келе жатыр, – депті.

Сонда, сағыныштың жасын төгіп-төгіп жіберген анам:

– Қайдағы бауыр? Ол советте, мен қытайда. Қайран, бауырым-ай... Не күн көріп жүр екенсіндер, – деп омырауына төгілген сағыныштың жасын сүртіп қойып, қи жинап жатады.

Сөйткенше бауыры да келіп жетеді. Сенер-сенбесін білмей аңырып қалған шешем, талықсып барып, қайта есін жияды да, қуаныштан жүрегі жарылардай болып бауырына құшағын жая ұмтылады. Жолай көрген, естіген ағайынның бәрі де жиналып қалған екен. Олардың бәрі, таяқ таянған үлкендері мен ес білер кішісіне дейін мына жағдайға шыдамай иектері кемсеңдеп, шекараның бергі жағында қалған атақоныс, ел-жұрты естеріне түсіп, көкіректері қарс айрылып, жанардан лықси аққан сағыныштың жасына ерік береді. Азан-қазан болып жасқа булығып өздеріне ие бола алмаған шерменде жандардың осы бір шерлі де азалы көрінісі олардың саналарында сарытап болып мәңгіге сақталып қалған еді. Мұндаға дейін естеріне алып бала-шағаға әңгімелегенде қабақтары түйіліп, бастарын шайқасып отыратын.

«Ой, бауырымдап» жылап көріскен бауырлар мен ағайын-туыстар сағыныштарын әрең басады. Сүтпісірім уақыт өте өзіне-өзі келген әкем мен шешем нағашымның бірге туған бауырға деген мейірімділігі мен адами асқақ қасиетіне шексіз ризашылықпен ас қамына кіріседі. Ауыл абыр-сабыр болып Жазықбай әкем өрістен мал алғызады. Арнайы сойылған мал еті қазанға салынып, жайылған дастарханда Әбекеңді төредей құрмет көрсетіп күтеді. Ауылдастар үйіне қайтып, кісі аяғы басылған соң да сағыныштың ұзақ-сонар әңгімесі жалғасын табады. Бұндай кезде уақыт шіркін ұшқан құстан да жылдам зымырайды емес пе... Сөйтіп, түннің бір уағында талықсып шаршап жантайғандары сол екен, көз шырымын алар-алмастан-ақ, әне-міне дегенше таң да атады сарғайып...

Ертесі ертемен сағыныштың мауқы басылмаған туыстар амалсыздан қимай-қимай жылап жүріп қоштасады. Анамыздың бауырын алып келген қарулы екі сақшы «бол-болдың» астына алып қайтадан советке алып кетеді. Сөйтсе, бері өткен соң советтік билік «шекара бұзған шпион» деп Әбілда нағашымды он жылға соттап жіберіпті. Мейірімнен жұрдай болған қатыгез заман-ай, десеңші...

Ал, содан ұлы Әбди мен қызы Жәмилә жетім қалып, оларды апамның сіңлісі бағып өсірген еді...», – деп туған шешесі мен нағашысының басынан өткен осынау уақиғаны есіне алған анамыз терең бір күрсініп алды. Сосын сәл ойланып отырып естелік әңгімесін әрмен қарай жалғастырды.

«Кішкентайымнан жетімдікті көріп өстім, алғаш анамнан, көп ұзамай әкемнен айырылып, бес-алты жасымнан аға-

жеңгемнің қолында қалдым. Жеңгемнің аты – Шәми, ағамның есімі – Шәймерден еді. Жазғы жайлауымыз Мүкей ауылын екі жағындағы ұзын сай арқылы басып өтіп, жоғары жақ кемерді жағалап баратын таудағы Терекеті деген жер болды.

Өзіміз Жарсуда тұрғанымызбен, алғаш Ақсу мектебінен ескіше хат танып, 6-шы сыныпқа дейін оқып сауат аштым. Мектеп басшысы Ақша Мешітбай деген кісі болды. Мұғалімдерден – Мүтәліп, Қанатбек, тағы басқа ағайлар сабақ берді. Ақсудағы мектеп пен үйдің арасы 4-5 шақырымдай, бірде тайға, енді бірде атпен, кейде жаяу қатынап барып оқып жүрдік. Ортадағы Ақсудың ардасында судан өткен соң, аттарымызды немесе қысыр емген тайларды жүгенін, бұйдасын қайырып қайтара судан өткізіп айдап жіберсек, кісінеген күйде үйге қарай шауып кететін...

Алтыншы сыныпты бітіргеннен соң бір-екі жыл үйде болып, одан 1956 жылы екі жақтың үлкендері қазақы дәстүрмен құда болып, 15 жасымда тұрмысқа берді. Күйеуім екеуміздің жас шамамызда алшақтық көп болды. Содан ба, Жарсудың Қарабақ деген жерінде ЗАГС-ке барғанымызда, жасың кіші деп Алдияр Жапар аға некемізді қимай, рұқсат бермей үш рет қайтарып жіберді. Содан, үлкендер араласып жүріп, төртінші рет барғанда әрең деп некемізді заңдастырды.

Келген жерім Суанның Қойатасы (Қошқар), оның ішінде Тәттісі (Мейіз). Күйеуім туыстарына келсек – екі қыз, бес ұл – жеті ағайынды екен. Аталарымыз сонау шекара аспай, Қытайға өтпей тұрғанда осы жақтағы Китің деген жерде бірге отырып, жақын араласқан жандар болыпты. Арғы бетке өткенде де ірге ажыратпай бір-біріне жақын қоныстанып, ауылы аралас, қойы қоралас тіршілік кешкен. Және де үлкендердің айтуларына қарағанда менің анам өте мейірімді, кішіпейіл жақсы адам болған көрінеді. Сол үшінде «Шешесін көріп қызын ал...» деген ғибратты сөздегідей, «осы Зорадан туған қыз әсте жаман болмайды» деп, Жәке қайынағам (Әбіжан ата) қоярда-қоймай мені кенже інісіне айттырып алып берген. Сол үшін де мен келін болып түскеннен кейінгі тіршілігінде қатты сыйлап, қабағыма қарап, үнемі інісіне «...Қабырғасы қатпаған, бұғанасы өспеген, ата-анадан жас, ақылдан бос қалған» дегенді айтумен, бар қамқорлығын аямай отырушы еді, жарықтық, – деп әлі күнге дейін ризашылық пен сыйластықтың табы сөнбеген әрлі жүзін сәл көтеріп, алға қарай ұмсынып отырған анамыз айналасын ойлы жанарымен бір шолып өтті де сөзін әрі қарай сабақтады.

Мәселен, қазір сол үлкен Жәкемнің жасаған жақсылығының, сыйластығының, берген тәрбиесінің арқасында өзімнен кейінгі қайындарым, келіндерім осы күнге дейін алдымнан қия өткен емес. Мен оны ұмытып әруаққа «шет» болғым да келмейді, сол үшін де өз тарапымнан әзірге дейін Жәкемнің баласы Төреме (Тоқтасын аға) қолдан келген бар жақсылығымды жасағым келіп тұрады.

Кейін, 1959 жылы мамыр айында бірге туған ағайындары – Әбіжан (Үлкен Жәке), Халық (Молда Жәке), Нұртілеу (Жақсы аға), Мәжін (Есімханның әкесі), Рақымбай (біздер бар) бес үй бірігіп, атамекеніміз Жаркентке қайтып көшіп келдік. Содан, ертесі күні жан-жақтан осы жақтағы туыстар келіп, олармен кеңесе келе осы Кішішығаң ауылына табан тіредік. Екі жылдай колхоздың қойын бағып, жаздай жоғары жайлауымыз Мәнжуде, ал қыстағы қыстауымыз төменгі Жарқұдықта болып, сонда отырдық. Одан кейін малды тастап, ауылда бригадада егістікке су ұстап, қырманға шықтық, түрлі жұмыстар атқардық. Мұндағы жылдарға дейін «қытайшық» аталып жүрдік қой. Біздерді көрген сайын «Әне, қытайшықтар келе жатыр» деп айтатын. Ағаң намысқой еді, төбелеске дейін баратын.

Ағаңмен 23 жыл бір шаңырақ астында отасып, үш ұл, үш қызды бағып-қағып қатарға қостым. Бұл күнде ағаң екеуміздің өрбіген – 17 немеренің, 19 шөберенің аяулы әжесімін. Сонау, өткен ғасырдың 59-60-шы жылдары шекара асып өз атамекеніне оралған бес үйлі жан қазіргі таңда өсіп-өніп 60 шаңырақтан асыпты. Осы әулеттен тараған жан саны немере, шөберелерді қосқанда шамамен 200-дей адам болып қалыпты, – деп әңгімесін аяқтаған анамыздың ойлы жанарында сонау көз жетпес қияндағы буалдыр сағым жылдар елес бергендей болып үнсіз отырып қалды...

Мүмкін сонау алыс жылдардың көлеңкесінде қалған өткен өмір белестері сағым болып ой-санада бір-бірлеп кино экранындағы толассыз бейнелер секілді зырылдап өтіп жатқан болар..?! Осы сәт сол бір сағым жылдар туралы тебірене айтқан естеліктері ішкі жандүниесінде жасындай жарқ еткен жан толқынысын тудырғандай әсерге бөленгені сезіліп-ақ тұрды.

Иә, «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген ғибратты тәмсіл, күнделікті тіршілікте қарапайым көпшіліктен дараланып тұратын қасиетімен талайды тамсандырған, осындай адамгершіліктің ақ туын жалау еткен, бойында тектіліктің исі аңқыған бірегей жандарға арналған болса керек-ті.

Және де, бұл әулеттің тағы бір ерекшелігі – Гүлжахандай абыз анамыздың бастауымен, қайындары – Тоқтасын, Қасен, Естемес *(Осы әулеттің үш биі)* ағалардың қолдауымен ұлттық мейрамымыз **Ұлыстың Ұлы күні – Наурыздың тойланып келе жатқанына биыл аттай 23 жыл толады.**

Бұл тойға осы әулеттің еңкейген кәрісі мен еңбектеген баласына дейін тек ұлттық киіммен келеді. Келген қонақтардың бәрі жасы мен жолына қарай дастархан басына жайғасқан соң әулеттің үлкені бата береді. «Наурыз көже» ішілгеннен кейін тиісті бағасы беріліп, үлкен-кіші ақтан ауыз тигеннен соң арнайы баяндама оқылады. Онда, әулет ұрпақтарының жыл бойғы еңбектегі, оқудағы, спорттағы жетістіктері кеңінен аталып өтіліп, қорытынды жасалады.

Жаңа түскен келіндер мен күйеу балаларды таныстыру рәсімі және бар. Одан кейінгі түрлі спорттық жарыстар – арқан тарту, қол күрес, кір тасын көтеру, ән салу, би билеу, күй тарту, жеті ата тарату, тағы басқа өз өнерлерін көрсету сияқты ұлттық ойындарға жалғасады. Және де тұрмыстық заттарға арналған ұтыс лотореялары да ойнатылып, жеңімпаздардар алған сыйлықтарына мәз болысып, қуаныштарын көппен бөлісіп жатады.

Осынау Ұлыстың Ұлы күнгі тойға әулеттің бар үлкені, құдалар, орта буын, аға-жеңге, қыз-күйеу, келіндер, жиендер, немерелер, шөберелер тегіс келеді. Той соңында әулет үлкендерінің бірлесіп шешкен шешімі бойынша, той жасаған адам келесі жылғы наурызды өткізетін туысына арнайы кәде сый жасап той кезегін ұсынады. Және келесі жылғы «Наурыз тойдың» қай шаңырақта аталып өтілетіндігі жайлы көпшілікке жария етіледі.

Міне, осыншама ұрпақтың құрметі мен сыйластығының, ата-бабамыз бен салт-дәстүріміздің темірқазығы болып отырған ардақты анамыз барша қазаққа үлгі десек артық айтқандық емес. Және де, бір әулеттен тараған ағайын-туысты айналасына үйіріп, шып-шырғасын шығармай, ақылымен жұмсап, қабағымен өргізіп отырған сұңғылалығы, кейбір ақ сақалды аталарымыз бен ақ самайлы әжелерімізге де жұғысты болса екен деген ойымыз да жоқ емес...

Өткен 2021 жылғы қарашаның 11 жұлдызы күні кенжесі Ержан мен келіні Раушанның бастамасымен, үлкен ұл Серік пен келін Анардың қоштауымен Гүлжахан анамыздың 80 жастық мерейтойы аталып өтті. Ырысы мен ынтымағы жарасқан бүкіл әулет пен алыс-жақындағы құдажекжат, ағайын-туыс, көрші-қолаң, балашаға, немере-шөбере тегіс келіп таудай қуанышты бөлісті. Анамызға арналып ән айтылып, би биленді, күй тартылумен қатар ақжарма жүрекжарды тілектері жолданып, осынау аталмыш мерейтойды көпшіліктің есінен кетпестей етіп дүрілдетіп өткізді.

Осынау бір әулеттен өрбіген үлкен-кіші, бала-шағаны мейірім мен ыстық ықласқа толы аналық құшағына сыйдырып отырған абыз анамызды, тамырын тереңнен тартып, жапырағын кеңге жайған бейне бір алып саялы бәйтерек дерсің...

Әрине, мынау шырмауы көп шежірелі тірлікте осындай ниеті ізгі, жаны жомарт, бар ғұмыры тұнып тұрған үлгі мен өнеге боларлық аналарымыздың бар болғаны біздер үшін үлкен бақыт, зор қуаныш. Мың жасаңыз, ардақты да, аяулы Гүлжахан ана деген мақтанышқа толы жан толқынысымызбен тамаша сырсұхбатымызды аяқтаймыз...

Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Жаркент қаласы.

БӘЙТЕРЕКТІҢ БҰТАҒЫ

(повесть)

(Жалғасы. Басы өткен нөмірде)

Шәнті тілді, әзілқой адам болған екен. Бір жылы Салпық би екеуі мына Алтынемел асуын асып, қаңтар айының орта тұсында жалайырдағы құдаларына жекжатшылап барады. Құдалары жылы қарсы алып соғымның қазы-қартасын, жал-жаясын балқытып асып, қысырақтың сары қымызын сапыра құйып, әңгіме дүкен құрады. Үй иесі Шәнті мен Салпыққа қарап: «Сіздердің ауылдарыңызда қысырақ байлап, қымыз ішіп отырған болар», - деп өзінің байлығын мақтаныш етсе керек. Сонда Шәнті би жұлып алғандай. «Дұрыс айтасыз қақылдаған қаңтарда, жабағының жалына жармасып, қысырақтың қытығын келтіріп жүрген жарымағандар бізде де баршылық», -депті. Салпық Шәнтінің айтқанына қысылыңқырап барып, «жарымағандар емес, сіздердің жалайырларыңыз да бар» деген екен. Ақыры айтқан соң барлығын айтайын. Шәнті би мен Би Салпық бала кезі болу керек, ауыл аралап, қымызға тойып, қыз-келіншектерге қырындап келе жатқан кезде еңкейістегі бастаудан су алуға кетіп бара жатқан қызыл көйлек киген қызды көріп, ат басын бұрып жақын келгенде қыздың көйлегінің қолтығы сөгіліп, әпкішке артқан білегінің астынан аппақ еті көрініп тұрса керек, сонда қызды сөзге сүріндікмек боп: «Қарындас ақ қолтық, қызыл құнажын көрдіңізбе», -депті. Қыз жалт қараса Шәнті бидің беті секпіл, мұрны қайқы, қарақошқыл екенін байқайды да, салған жерден: «Көрдім, осы әзір ғана шұбар бет, кертпеш мұрын, қара бұқаша артынан ілесіп суатқа қарай түсіп бара жатқан», -депті. Сөзден жеңілген болашақ билер аттарын қамшылап ілгері жүріп кетіпті. Былай шыққаннан кейін Шәнті Салпыққа қарап: «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі», - деген осы екен ғой. - депті. Салпық Шәнтінің қыздан жеңіліп қалғанын жуып шаю үшін «Ой, Шәке! Мен саған бала кезімдегі бір қызығымды айтайын. Мен өз әкем Ілештің қойын бағатынмын. Көктем көкке де, аққа да тойым болған кез. Түс мезгілі, қойымды суғарайын деп Қу өзенінің жағасына суатқа айдап келе жатқан кезім, Қу өзенінің батыс жағында Қошқар ауылының өзіммен қатар өсіп келе жатқан бір қызы қозы бағатын. Мен қойымды өзен сағасына үйездетіп үйден ала шыққан дорбамдағы тарыны жеп тұрғам. Астымда торы ала тайым бар. Байқамаппын әлгі көрші қыздың қозылары менің қойыма маңырап қосылып кететін болған соң, ол да, мен де жүгіріп коймен-қозының арасын бөлдік, қоспадық.

Ойламағанжерденәлгіқызмағанбылайдеді:
Бірге өскен жастайымнан ынжық сары,
Кетіпті екі ұртына бір қап тары.
Қозымды жібересің жамыратып,
Қойыңды талтаңдамай қайтар ары, - деді де менің қойымды аралап өзіме қарай үркіте бастады. Сонда мен былай дедім:
Ынжық деп босқа мені қаралама,
Сырмалап тоқым салдым торыалама.
Кім білсін адалсың ба, арамсың ба,
Қыдырлы байдың малын аралама, - дедім.
Ол: Жайылып мынау байтақ атырапты,
Жұлып жер қайың, тікен жапырақты.
Қойшы алмай өз қойыңды өзің бағып,
Етегі шалбарыңның қақырапты, - деді.
Мен не дерімді білмей барып:
Ақ тікен, қара тікен жерде де бар,
Біреу бай, біреу кедей елде де бар.
Менікі жыртылса да байқалмайды,
Сүйем жер қақыраған сенде де бар, - деп қыз баланың қыз басымен қозы бағып жүргенін бетіне бастым», - депті.

Мына Талдықорған облысының Сарқант, Ақсу өңірінде Қаракемер деген жер бар, сол Қаракемерді Найманның атақты шынжыр балақ, шұбар төс байлары Маман, Тұрысбектер мекендейді екен.

Осы Тұрысбек болыс үш жүзді шақырып, үлкен той жасайды. Бұл тойға біздің Суандардың жақсы жайсандары да шақырылады. Тойға 350 аттан бәйге шаптырылатыны алдын-ала хабарланады. Ол кезде тойға, асқа шақырғанда әрбір адамды жеке-жеке шақырмайды, тек ауылдың, рудың басшыларына ғана айтылады, сол рәсім бойынша суаннан Стамшал, Мұқа, Жаңғазы болыстары мен Қожбанбет биге айтылады. Салпық жаңадан болыс болғандықтан оған айтылмай қалады. Болыстар мен билер өз құзырындағы ауыл азаматтарын жиып алып бәйгіге кем дегенде 10 ат жаратуды тапсырады. Бұл қазан айының бас кезі болу керек. Осы тұста Апахаң Нарынқолдағы нағашы жұртына жолаушылап кетсе керек. Тойдың қашан, қай күні болатынынан бейхабар. Ол кезде суанға белгілі жүйрік аттар Мұқа болыстың Бөртесі, Стамшал болыстың Торысы, Қожбанбет бидің Күреңі, Салпықтың Аққояны, Сарбауыры, Көбебайдың Қарасы, Жаңғазы болыстың Құрбаңаны болса керек. Осы жүйріктер Албан, Суан бәйгесінде тіпті қытайдағы дүнген, сібе бәйгелерінде алдына ат салмаған сәйгүліктер болған. Салпықтың атақты Аққояны, Салпық құбас атанған кезде нағашылары берген жылқының ішінде Ақбоз биенің көкшіл құлыны екен. Апахаң жылқы танып, тақымға басып, өзіне ат қып мінеді. Міне сол көк тай Суанда аты шыққан әйгілі жүйрік «Аққоян» ат боп шығады. Апахаң нағашыларында 15-20 күн нағашылап ауылына қайтып оралғанда, суанның болыс билері жаратылған бәйге аттарды іріктеп, Қаракемердегі Тұрысбек болыстың тойына баруға әзірлік жасап жолға шығып кетіпті. Тойдың боларын ертерек айтпағанға, болыстардың тоспай кетіп қалғанына қатты ашуланған Апахаң «Аққоян» болса жаратпай-ақ қосып, бәйге аламын, - деп көктемде қар суымен жайлауға кеткен

«Аққоянды» алдырып, Аққоянға тігетін ағаш үйді түйеге арттырып оны күзететін ауыл азаматтарынан бес-алтауын ертіп, өзі Сарбауыр атқа мініп, Аққоянды жетектетіп Қаракемер қайдасың деп тартып отырады. Ауылдан шыққан күні Аралтөбеге қонып, ертесінде Сатылы жайлауын асып түсіп Қаракемердегі Тұрысбек болыстың ауылына жетеді. Бәйге шаптыруға бір-ақ күн қалған екен. Суаннан барған болыстар Апахаңның ашулы екенін сезіп Аққоянды қос, қоспа деп тіс жарып ештеңе айтпайды. Өз ауылының болыстары мен билеріне өкпесі қара қазандай болған Апахаң Аққоянның қас-қабағына қарап, құдай, әруаққа сиынып алысқа кетпейді. Айтпақшы Аққоянды бәйгіге қосқанда өзінің Кенжебек деген баласынан басқа бала мініп шаба алмайды екен. Атшылар аттарды сөреге айдап барып қайт деген кезде Аққоян жалт етіп бұрылып шапқанда, атқа мінген бала екпініне шыдамай ауып түсіп қалатын көрінеді. Соны ескеріп Кенжебекті де ала келеді. Бәйгіге үш жүздің әрбір руынан алуан түрлі жүйріктер келіпті, кейбіреулерінің түр-түсін көрсетпей-ақ бәтеспен орап, арнаулы ағаш үйдің ішінде ұстайды екен. Аққоянды да тіл көзден аулақ болсын деп арнаулы ағаш үйге ұстап күзет қойдырады, ат айдайтын уақыт жетіп ат айдаушы атқа мінгенде, Аққоянның кекілін түйіп жал құйрығын сүзіп, үстіне Кенжебекті қондырып бар ақыл-кеңесін айтып, ақ тілеу тілеп, шығарып салады. Бәйгіге жіберілген аттардың саны 150-ден асқан көрінеді. Бәйге шабатын сөренің басталар жеріне келгенде айдаушы аяқ астынан қайт дегенде, әбден үйренген Аққоян жалт етіп шұғыл бұрылып қоянша ытқығанда үстіндегі Кенжебек те ауып түсіп қалып Аққоянның өзі кетеді. Ат айдаушылар Кенжебекті мінгестіріп, бәйге аттардың артын ала келеді. Қалың нөпір әруақ шақырып, өз ұрандарын айтып, қақ жарылып кімнің аты кеп, бағы жанар екен деп толқып тұрғанда сөреге бәйге аттар да таяп қалады. Бәйге аттардың алдыңғы легінде оқ бойы озып келе жатқан, үстінде баласы жоқ жалғыз қараны көргенде Апахаң өзінің Аққояны екенін біліп «Бай Суан! Бай Суан! Аруақ!» деп, ұран шақырып, жылап жіберген екен.

Жиылған топты қақ жарып, ақ көбік басқан Аққоян өте шыққанда қалған суандарда Байсуандап атқа қарай ұмтылады. Барлық аттан үстінде баласы жоқ аттың өз бетімен озып келгеніне жиылған халық таң-тамаша болып, жүйріктің текті жүйрік екендігіне сүйсінеді. Апахаңды байқап қалған Аққоян иесін көріп сөреден өтіп барып кілт тоқтайды. Аққоянның түс тұрқын сыншылардың сұқ көздерінен сақтау үшін дереу ағаш үйге кіргізсе, Аққоян күп боп ісіп кеткен екен. Сауырынан ақ қан, ақ көбік майлы сорпа болып кетіпті. Аққоянның жарылып кететінін сезген Апахаң аттың сауырын, арқасын, қара қабырғаның сыртын пышақтап-пышақтап жіберді, сонда сауырдан аққан қанды сарысу шүмектеп тұрып аққан екен. Қарсуымен жаз бойы жайлауда жүрген жаратылмаған жүйріктің қазысы еріп, қанды сорпа сарысуға айналып кетсе керек. Бәйге тоғыз атқа дейін тігілген екен. Тоғыз-тоғыз басталған, жамбы, күміс, тай-тұяқ қосылған бас бәйге Аққоян мен Апахаңның еншісіне тиіп, Апахаңның Аққоян аты үш жүзге әйгілі болады. Бәйгені беріп жатқанда жалайырдан шыққан Баян би ортаға шығып дүйім халыққа былай деп жар салыпты.

Бәйгеден Салпықтың Аққояны келді,
Ұлы тойға жалайырдан Баян келді.
Бәйгені Аққоян ала ма,
Әлде Баян ала ма, - деген екен.

Сонда Салпық би: Аққоянның үш жүздің басын қосқан тойда бәйгеден кеп, мәртебемді өсіргені де маған жетеді. Бәйгені Баян алсын депті, іркілместен жомарттық жасап. Қайтар жолда Қожбанбет би Апахаңмен бірге қайтады. Жол үсті келе жатып Қожбанбет би Салпыққа: Мен сенің басыңа зобалық туып, мал-жаның қырылып қалғанда көңіл айта барып, қатын, бала-шағаңның қырылып қалғаны жақсы бопты деп, өзіңнің тірі қалғаныңа шүкіршілік жасап едім. Сол сөзді аузыма құдай салған шығар. Егер сен болмасаң Аққоян да бітпес еді. Мұндай алқалы жиын, арқалы тойдан абырой алып қайтпаған болар едік. Саған біткен ат та, қатын да тек саған емес, ел жұртқа үлкен бақ-дәулет әкелді, құдай артын оңғарсын деген екен.

Қаракемерден шыққан күні Қожбанбет би Апахаңа өзіне етене таныс Алтынемелде отыратын Тезек төренің ауылына қонақ болып қайтайық деп, сол ауылға бастап келеді. Ондағы мақсаты төре ауылы мен суандар арасында ұры-қарақшылар бірнеше рет суанның жылқысын барымталап, айдап кеткен, онымен қоймай Көктал мен Жаркенттің арасындағы Түрген қаласындағы қытайлар мен сібелерді де шапқан. Соған ашуланған қытай басшылары 500 әскер жіберіп, Тезек төрені байлатып, айдап келіп, түрмеге жапқан. Тезек төре қытай түрмесінде жатып өзіне жансыздан келіп хабар алып тұратын тыңшысы арқылы мені босатса Шойнақ батыр, Қожбанбет би, Салпық би босатады, соларға елші салып хабар беріңдер депті. Төренің сәлемі бойынша төре ауылының би-болыстары суан батыры мен билеріне келіп болған жәйттен мағлұмат береді. Шойнақ батыр бастаған топ Түргендегі қытай басшысына келіп Тезек төрені босатуын сұрайды, егер Тезекті босатпасаң төре тұқымы мен жалайыр, суандардың ығайлары мен сығайларын жиып келіп малың тұрмақ жаныңды түгел шабам, - дейді. Түрген менің жерім, қаланы босат, есің бар да елінді тап, әйтпесе тұратын жеріңді айт деп, айбат танытады. Қытай басшысы Тезек төренің жалгерлері бір түнде барлық малын айдап кеткенін, Тезек төреге елші сап, барымтаны қайтарсын дегенде, Тезектің мойындамағанын, содан соң Тезек төрені тұтқындағанын айтады. Шойнақ батыр бастаған топ төре шауып кетсе көршілес отырған бізге неге айтпайсың, бүгін төреге істегеніңді ертең бізге де, мына суан еліне істейсің, мен сенімен шекісбей бекіспеймін. Қорғаныңа басын кіріп тас талқанын шығарамын деп қаһарланады. Суандардың ашынған айбатынан қаймыққан қытай басшысы, Тезек төрені босатып береді. Шойнақ батыр бастаған суандардан қатты сескенген қытай басшысы түбінде өзіне қауіп төніп, өз жері қытайға ауып кеткен. Содан бері Түрген қаласы суандардың өз меншігіне өтіп, ол жерді Әпсүгір ауылы мекендеген. Әңгіменің басында айттым ғой, Салпық - кубас Салпық атанып жүргенде Сатайдан тарайтын Қойекенің Қазақбайының қызы Үнияны алған, - деп. Сол Қазақбайдың өз баласы ма немесе немересі ме, ол жағын анық айта алмаймын. Сол ауылдан Әтекей батыр деген, батыр шығады. Үния шешеміз сол Әтікей батырға немере жиен, ал сен шөбере жиен боп келесің. Сол тұста Әтікеймен қатар құдайберді руынан Нұржеке батыр шығады. Бұл батырлар қытай империясына, ақ патшаға, орыс империясына қарсы, қалмақтарға қарсы, қысқасы қазақ ауылын отарлау саясатына қарсы күреспен елін-жерін қорғаған батырлар. Міне осы Әтікей батыр мен Салпықтың ара жіктері ажырамаған бірі жезде, бірі балдыз боп силасып жүрген. Ел арасына іріткі салушы келімсектер, батырлар туралы әр-түрлі өсек-аян таратады. Әтікей мен Нұржекені ұры қарақшы, барымташы етіп көрсетеді. Осыны сылтау етіп патша өкіметі Әтікей мен Нұржекенің артынан құғын түсіріп, оларды ұстап, көзін жоймақ болады. Осындай бір қиын кезеңде Әтікей батыр Салпыққа келіп, өзінің артынан құғын түскенін, одан құтылу үшін шығыс Түркістанға өтіп кететінін ескертеді. Сол мезгіл жайлау үсті болса керек. Салпықтың ауылы өзінің ата қоныс Бастыкарағай беткейінің басат жұртында отырған кезі екен. Балдыз інісі Әтікей батырға марқа сойып, сірне жасап, қымыз құйып шын ықыласпен күтеді. Екі-үш күн тамаша-сауық құрып бой жазғаннан кейін, жездесі Әтікейден бұйымтай сұрайды. Әтікей Салпықтан астына мініп жүрген бүкіл суанға белгілі бәйге Сарбауыр атын беруді, Сарбауырдан басқа ат алыс сапарға төзе алмайтынын айтады. Салпық Әтікейге, мен саған Сарбауыр ат тұрмақ, атақты Аққоянды да берер едім, мына анталап тұрған жау Әтікейге атын беріп қашырып жіберді деп, менің тірідей етімді жемей ме, егер Сарбауыр атты бермедің деп өкпелейтін болсаң, мен саған ризамын, мені де Сарбауырды да атып кет, сонда мен қорлық көрмей өз жерімнің топырағында қаламын дейді. Әтікей тіс жарып ештеңе айтпайды. Апахаң Әтікейді Құсмұрынның мойнағына дейін шығарып салып, Ақтасты өзенін бойлай Кербастау Келіншек сайға карай кетіп бара жатқанында астындағы Сарбауыр аты жалпасынан кетеді. Апахаң аттың мойнынан асып құлап түседі, қарғып тұрып қараса Сарбауыр аттың қолтығынан үзеңгіліктің астынан оқ тиген екен. Батырдың мергендігіне сүйсінген Апахаң Сарбауыр атты сойып, Әтікей батырдың садақасы, батырдың жортқанда жолы болсын деп елге жіліктеп таратып жібереді.

Міне, нағашы батыр атаң сондай бір беткей, құралайды көздеп ататын мерген болған. Әтікей батыр бір жауынгерлік сапардан қайтып келе жатып Шегірек ауылындағы көңілдес келіншектің ауылына аялдаған кезде, әлгі келіншек Әтікейдің мылтығын тығып қойып, аңдып жүрген қуғыншыларға хабар береді. Әтікей батыр келіншектен көрпе ішінде есеп айырысып жатқан кезде қуғыншы аңдушылар үстінен түседі. Қайсар батыр қарғып тұрып мылтығына ұмтылса мылтық жоқ, сыртқа шығып атына қарай ұмтылып, атқа қарғып мінсе атты тұсап қойған екен, осындай қастандықтың салдарынан батыр жау қолынан оққа ұшады. Батырдың сүйегі Қызылеспенің батыс жағында Китіңге, жайлауға бара жолдағы Құреспе деген жерге жерленеді. Әлі сол жерде жатыр.

Салпық атам үлкен баласы Тәшиманға қоңыр бөрік Сабаншы қажының қарындасы Саумалды, ортаншы баласы Жақыбайға Жалайыр Бөрібай батырдың немересі Әжібектің қызы Шаруанды, кенжесі Кенжебекке Сатай батырдың тұқымы Жүністің қызы Зейнепті алып беріп, жалғыз қызы Бәтиманы өзінің нағашы жұрты жағы, албан Қайранбайға тоғыз-тоғыздан жасап, басына отау тігіп, алдына малын салып, енші беріп ұзатқан екен. «Атаңа не істесең алдыңа сол келеді» деген осы. Қайранбай Бәтимаға үйленгеннен кейін болыс боп, одан қажыға барып, Қайранбай қажы атанған. Қайранбай қанша болыс, қажы болғанымен бала жағынан тапшылау боп жүргенде Бәтимадан Әзікен туады. Әзікен туралы кейін айтайын.

***

1900 жылдың аяқ кезінде, күзде Салпық атам өзінің ата қоныс қыстауы Қу өзенінің бойындағы Әулиеағаштың жоғарғы жағындағы, өзі қаздырған Салпық арықтың батыс жағындағы тепсеңде дүние салады. Сол жердегі тұмсық төбеге қойылады. Қыс өтіп, жаз жайлауға шығып, сары жұрт боп қалған кезде Жақыбай албан, суан, жалайыр, төре ауылдарын шақырып, әкесі Салпыққа ат шаптырып ас береді. Ас Ақтасты өзенінің шығыс оңтүстігі Құсмұрынның шығыс жағындағы бетегелі жазық беткейде беріледі. 50-60 ақшаңқан үйлер тігіліп, әр үйге күтуші жігіттер, келіншектер мен бірге саба-саба қымыз, үй сайын үш қой, бір жылқыдан сойғы береді. Сойылатын жылқы мен қойларды қарағай тақтайдан қора жасап, қамап қойып қонаққа қарай сойғызады. Сондағы ас етін қайнатқан тай қазандарға қазылған ошақтардың орны әлі жоғалмаған. Бәйгеге түйе бастаған бес ат беріліпті.

Бәйге Белбұлақтан, Аяқсазға түсе берістегі жазықтағы Сымтастан жіберіп Майлытөбенің (Итшоқы) етегінен тосқан. Бәйгеден бірінші боп Жақыбайдың жирені, екінші боп Стамшалдың торысы, үшінші Тәшіманның бөртесі, төртінші Шәнті бидің аты, бесінші боп Әпсүгір Бесқаралардың аттары келеді. Келесі жылы жазда Жақыбай жайлауға шықпай, Салпық сазына он шақты бие байлатып, әкесі Салпыққа күмбез тұрғыздырады.

Күмбезді салу үшін оның кірпішін құйдырып, оны күйдіру үшін Жаркент қаласынан және қытайдағы Құлжа қаласынан арнайы шеберлер жалдайды. Сол жылы ел жайлаудан қайтар кезге дейін Салпықтың күмбезін бітіріп, өлген күніне туралап кішігірім нәзірге татитын шек береді. Міне сол Салпық атамның күмбезі өзі туып, өзі өлген жерде ұрпақтарына атадан қалған ескерткіш, мұра ретінде қалып, ата-бабамыздың өмір жолын табиғи тарих ретінде көзіңе көрсетіп тұр. Әзір ол күмбезге бір ғасыр уақыт болды. Салпықтан қалған Тәшман, Жақыбай, Кенжебек осы үш баласының ортаншысы Жақыбай, яғни менің әкем туралы біршама тарихи әңгіме айтуға болады.

Жақыбай әкесі Салпықтың дәулетін дамытып, үдетпесе бәсеңдетпейді. Әкесі Салпықтан кейін би болады. Жақыбайдан Тұтқабек, Нұрғали, Ерғали, Төрехан, Мырзахан, Зәуре, Күлжәмила деген ұл-қыздар туады. Үлкен қызы Зәурені дуан Кенжебек болысқа береді, ол кезде Кенжебектер қытайдағы Жаланаш деген жерге көшіп кеткен. Екінші қызы Күлжәмилә болыстан туған Әзікенге ұзатады. Әзікен бізге әрі жиен, әрі күйеу боп келеді. Олар албан жеріндегі текесте тұрған. Сол Әзікенмен Күлжәмила тәтемнен жалғыз ұл Тоқтархан туған, ол қазір Талғарда. Жақыбай өзінің балалары Нұрғалиға қоңыр бөрік Қастекбай қажының баласы Кожахметтің қызы Бибіажарды, Ерғалиға Ақша Болатай қажының қызы Мариямкүлді алып берген. Өзің байқап отырсың ба, біздің ата-бабаларымыз өздері де, балаларына да батыр, болыс, қажылардың қызын әперіп, қыздарын болыс, би, қажыларға берген. Осының өзі, тұқым қуалаушылықтан шыққан тектің, тегінің негізіне үңілгендіктен болса керек. Жақыбай би боп тұрған кезде, Тұрлыбайдың Стамшалы болыс, Тоғарыстанға дүрілдеп дәулеті жүріп тұрған кез, малы да жетерлік. Стамшал болыс жалайырға барған бір сапарында жалайыр ішінде Андас Қараке болыстың інісі Бұқшабайдың қызы Биқайшаға көзі түсіп, соның қалыңмалын төлеп тоқалдыққа алуға Қараке болыспен келісіп кетіпті. Ауылға келісімен Жақыбай биді шақырып алып, болған жәйді баяндап, көп кешікпей өзінің інісі Үмбетәлі екеуін жолға аттандырады. Жақыбай би: - Сіз бармасаңыз бізге қызды қалай береді, басындыңдар деп өзімізді жазаға тартар деп базалық жасайды. Стамшал Қаракемен уәдені әбден пісіріп келіскенін, ауылға келгенше Биқайшаның күйеуі Жақыбай болатынын тәптіштеп айтып, Жақыбай мен Үмбетәліге бірнеше жігіт қосып, Қараке болыстың ауылына жібереді. Жақыбай күйеу, Үмбетәлі күйеу қосшы боп барып, бір аптадай Қараке болыстың үйінде қалындық ойнап, той жасатып Биқайшаны (Қайша) Стамшал алатынын естіген Қараке болыстың ауыл азаматтары ашу шақырып, Биқайшаны қайта алып кетпек болады. Стамшал болыстың атақ даңқы оған жол бермейді. «Жау кеткен соң

қылышыңды боққа шап», «Қойын алдырып, қорасын бекітіпті» деген осы емес пе!

Стамшал болыс өзінің болыстығын інісі Үмбетәліге өткізеді, бірақ Үмбетәлі болыстықты жүзеге асыра алмаған соң, Стамшал өз баласы Жүсіпжанды болыс қояды. Ел қанша күңкілдегенімен патша өкіметі тұсында болыс болған Стамшал болыстың баласына тістері батпайды. 1916 жыл желтоқсан айында болыс сайлауы болып Жүсіпжанды болыстықтан түсіріп, орнына болыс болып менің ағам Нұрғали (Ағатай) сайланады. Ол кезде менің 12 жас, Ағатайымның 16 жас кезі. Болыс сайлауына Жаркент уездік ұлт бөлімінің меңгерушісі Уәли Ықсанбаев, оның қасында бір орыс жігіті қатысыпты. Нұрғалидың үстінен Жақыбай баласы Нұрғалиды ұлықтарға пәре беріп сайлады, әйтпесе Нұрғалидың жасы болыс болуға толған жоқ деп бірнеше арыздар түсті, бірақ болыстықтан ала алмады. 1917 жылдан бастап бай мен кедейді теңестіру, колхоз, совхозға біріктіру, бар малды ортаға салу, салмасаң күштеп тартып алу, бай, кулақ деген атақ беру, салық түрін көбейтіп халықты жаппай тонау басталады. Жаркентте совет өкіметі орнады.

1926 жыл Нұрғали аудандық Охотсоюздың бастығы боп, Қоңырөленге көшіп кетті. Ерғали Жаркент аудандық жастар ұйымын (аудандық комсомол комитетінің хатшысы) басқарды. Жақыбайға біткен барлық мал менің атыма жазылды. Сол 1926 жылдың жазы Ерғали Болатай қажының қызы Мәриямкүлге үйленбек болып Қоңырөленнен Нұрғалиді шақыртып алды. Қастарына Күлжәмила тәтемнің күйеуі Әзікенді, маман Шаруанның інісі Сағыбайды, Қошқар Әжітайды ертіп Желтиместе отыратын Болатай қажының ауылына келеді. Ауылға келсе ауылдың үлкендерінің барлығы Аралтөбедегі жәрменкеге кеткен екен. Ауылда шаруаға қарайтын қажының туыс інісі Хасен, оның әйелі Қанапия ғана бар екен. Нұрғали мен Сағыбай аттан түсіп Хасен мен Қанапияны, алдай бастайды. Біздің Болатай қажының балаларымен де, Метербай болыспен де келісіміз бар. Егер той жасап, елге жар сап, құда түсіп қыз алатын болсақ Совет өкіметі тұсында қызын малға сатып жатыр деп, ал қызды қалың мал беріп сатып алды деп, екі жақты кінәлайды. Сондықтан біз жәрмеңкеге кеткенде қызды алып қашып кетіңдер деген, біз сол келісіммен келдік, бізге Мәриямкүлді киіндіріп шығарып беріңіздер деп, жата жармасады. Бұрыннан аралас, күн ара келіп қымыз ішіп кетіп тұратын Бидің балаларын көргенмен кейін Хасен де, Қанапия да иланыңқырап қалады.

Сол кезде сіздер де құр қол қалмаңыздар деп, Нұрғали Хасен мен Қанапияның қалтасына бір-бір уыс күміс ақша салып жібереді. Көңілденген Хасен Қанапияға бер қызды, қайтесің қызды құдай жат жұрттыққа жаратқан, құдайым бет алдынан жарылқасын деп батасын береді. Қанапия Мәриямкүлді киіндіріп, Ерғали күмісті ермен ерттеп жетектеп келген жирен жорғаға мінгізіп, бетін сүйіп шығарып сапты. Осы тұста мен шыдай алмай! Әке! Мәриямкүл шешеміз ешқашанда қарсылық көрсетпей, атқа міне салған ба? дедім. Әкем маған қарап тоқтай тұр балам, әзір мен Болатай қажы мен Метербай болыс туралы айтам, сонда оның қандай қыз екенін түсінесің дейді де әңгімесін жалғастырып кетті. Мен әу баста айттым ғой. Орыстан Мырзакелді, Ханкелді деп, Ханкелдіден Ақша, Солтанқұл, Ақшаның баласы Құрымбай, Құрымбайдан Кемпір, Қарпық, Башық, Тоғанбай, Мүсірәлі, Жақабай, Жалаңтас жетеуі. Құрымбайдың баласының ішіндегі ең мықтысы Башық болған. Башық Ескелді бидің замандасы, Балпық әулиенің екі қызына үйленген. Бірінші алған Күнтей деген қызынан үш бала Әуелбек, Баубек, Еркебұлан туған. Көп жасамай Күнтей қайтыс боп кетіп, екінші қызы Қантейді алады. Осы Қантейден Болатай, Жүндібай, Кәрім дүниеге келеді.

Ерғали алып қашқан Мәриямкүлдің әкесі Болатай 1846 жыл туып 1919 жылы Қоңырөленнің «Аша» деген күзегінде 73 жасында қайтыс болады. Қойбынның батыс жағындағы Малдыбайдың белінің бет жағындағы Шормақтың бейітіне жерленген. Болатайдың өзі Мейіз, Бибіш, Баян деген үш әйел алған. Болатай дәулетті, жасынан саудамен айналысқан адам екен. Болатай қажыға бармай тұрған кезінде, Мейізден туған жалғыз Зәуре деген қызы болған. 1905 жылы Болатай жаназаға жылын беріп, кебінін таратып, ел жұртымен қоштасып Қажыға кетеді. 1907 жылы Қажыдан Болатай қажы деген атақ алып оралады. Қажыдан келген соң Бибіш әйелінен Қажыахмет, Баян деген әйелінен Қалиахмет, Мәриямкүл, Мұсахмет туады.

Болатай қажы өзінің бәйбішесінен туған Қажыахметке 16 жасында жалайырдың Бибісәлім деген қызын әпереді. Қажыахметтен Нұрахмет деген ұл туып жатқанда, Қажыахмет өліп жатады, сонда ел Хажыахметтің артында неде болса бір тұяқ қалды деп, сондықтан Нұрахмет Тұяқ атанып кетеді.

Дәл осы тұста Болатай қажының екі әйелі Мейіз де, Баян да қайтыс болып, бала-шағалары Бибіш пен Бибісәлімнің қолында болады. Болатай қажының келіні Бибісәлім Қажыахметтен өте жас 18-19-да қалса керек. Хажыахметпен бірге туған ағалары жоқ, інілері жас болғандықтан Бибісәлімді Башықтың бірінші әйелі Күнтейден туған Әуелбектің баласы Метербай болысқа қосады. Метербайдан Орынбай туады. Мен бағана айттым ғой, Құрымбайдың ішіндегі ең мықтысы Башық деп. Башықтың мықтылығы Балпық әулиенің екі бірдей қызын әйелдікке алуы және Бәйбішесі Күнтейден туған Әуелбектің баласы Метербайды 26 жыл қатарынан болыстықтан түсірмеген, онда болыстар 5 жылда, кейде 3 жылда бір сайланады екен. Сондықтан Метербай болыс патша өкіметі тарапынан медаль алған адам. Метербай болысты 1927 жылы кәмпескелеп Астраханға жер аударады. Одан 1931 жылы қайып келіп, 1932 жылы қытайға өтіп, 1934 жылы 64 жасында қытайда, Құлысты Қарабұлақ деген жерде қайтыс болып, сонда жерленеді. Метербай болыс Астраханға жер аударылып кеткенде Бибісәлім 27 жаста Қоңырөленде қалады. Сол Қоңырөленде бала оқытып жүрген Қарабек Сұраншының баласы Бибісәлімге ғашық боп жүреді де, бір күні түнде өзінің ниетін білдіру үшін, Бибісәлім жатқан ағаш төсектің аяқ жағына келіп көрпеге қол сала бергенде, ояу жатқан Бибісәлім: - Кім ей бұл? - деп айғай салады, сонда сасып қалған жігіт, - Биеке мен Сұраншының молда баласымын ғой, - депті.

Бибісәлім мырс етіп күліп жібереді де - Сұраншының молда баласы болсаң, менің етегіме құран оқығалы отырсың ба, - деген екен. Содан бастап әлгі жігіт Сұраншының молда баласы атанып кетіпті.

Бибісәлім де өте ақылды, адуынды, әрлі, жеушенді еркекке бергісіз келіншек болған. 1984 жылы қайтыс болып, атасы Болатай қажы жатқан Шормақтың бейітіне қойылады.

Ерғалидың Мәриямкүлді алып қашатын жылдары Мәриямкүлдің әкесі де шешесі де қайтыс болып, Болатай қажының дәулеті тая бастаған шақ. Оның үстіне Мәриямкүлдер Желтиместен Көкбастауға келіп, кейде Суыққа келіп су алады. Ерғалиды күніне бір немесе екі көретін уақытысы да болған. Көкбастау мен Суықтың жағасында талай сырласқан. Тек Ерғали алып қашуға қашан келер екен деп, сол мезгілді күтумен жүрген қыз, қандай қарсылық жасайды, енді түсіндің бе, - дейді әкем. Ерғали Мәриямкүлді алып қашып кеткенін естігенде Метербай болыс, қызды алдап кеткеніне ашуланып Ақшаның 20 шақты жігітін Басатқарағайда отырған Жақыбай бидің ауылына жібереді. Ондағы ойы мына Метербай болыс Совет өкіметінен де, бізден де қатты қорқады екен демесін, ең болмаса айбат көрсетіп қайтсын дегені еді.

Жақыбай әкем де, Ағатайым (Нұрғали) да келген құдалардың алдынан шығып, атын ұстап өздерінің Болатай қажы мен Метербай болыстың ауылына кешірім сұрай барғалы отырғанын ескертеді. Келген қуғыншыларды мал сойып, қымыз құйып, құрметті қонақ етіп шығарып салады. Ертесінде Жақыбай би Мырзамкелдінің болыс, билерін жинап Болатай қажының қызына жасырын түрде құда түсіп алдарынан өту керектігін, бұдан бұрын Мырзамкелді, Ханкелді жеті атадан асса да қыз алып, қыз беріспегендігін ескере келіп, ата салт-дәстүрден аттамай әйгілеп, атақтап айтпаса да Мырзамкелді мен Ханкелдінің үлкендерін, молда, қажыларын, болыс, билерін, ауыл азаматтарының басын қосып, ақ бата, қызыл қан, құда болып, ақбоз бие сойып, құдайы таратуға пәтуаласқан және ол пәтуаны кешіктірмей орындаған. Осылайша Мырзамкелді мен Ханкелдінің қыз алып, қыз берісуіне алғашқы мұрындық болған Ерғали мен Мәриямкүл еді.

*****

1927 жылдың күзінде Жақыбай биді бай болған, би, болыс, елді қанаған, колхоздастыруға қарсы деген сылтаумен мал-мүлкін кәмпескелеп, балаларын Нұрғали мен Ерғалиды кулактың балалары деп ұстап, қамап немесе ит жеккенге жер аудармақ болады. Мұны алдын-ала сезген Нұрғали сол жылы күзде қасына Ерғалиды ертіп Қазан көлі арқылы қытайда болғандықтан мені (Төрехан) бар малдың иесі осы, кулактың дәл өзі деп Жаркенттегі түрмеге, кіші әкем Кенжебек екеуімізді қамап қояды. Сол жылдары тек біз емес барлық байларды, болыстарды, билерді қысқасын айтқанда сорпа бетіне шығар ер азаматтардың бәрін кулак, кеңес үкіметіне қарсы, халық жауы деген айдар тағып шетінен ит жеккенге жер аударып, қалғанын қамап, мал-мүліктерін өкіметке алып, тоз-тозын шығарады. Халық қолындағы мал-мүлкінен айырылғаннан кейін ашаршылыққа шалдықты, өздерінің от жаққан ошақтарын, бала-шаға, әке-шешелерін тастап телім-телім болды. Ес тапқандары қытай шекарасына қарай жаяу-жалпы шуаған, шекарадан өткені өтіп, өтпегені сол шекарада кеңес жүзінен шырқырап тұрып жан тапсырды. Шекара 1930 жылы мүлдем жабылады. Сонау арқадан шекараға қарай жаяу-жалпы шуаған халық ашаршылықтан кез-келген сай-салада, үйме-үйме болып қырылып қалды. 1930 жылы осы Жаркент өңіріндегі қалған барлық суан бірігіп, бір күнде Қытайға өтіп кетпек боп уәде байласып, Жаркенттің шығыс жағындағы Көкағаш деген жерге жиналғанда, кеңес өкіметіне сатылған бадырақ (атын да білем, бірақ айтпаймын кейінгі ұрпақтар арасына кикілжің туады) шекарадағы әскерлерге хабарлап қойып, сол күнгі шекарадан өтпек болған суандардың барлығы кеңес әскерінің оғынан шейт болады. Өз жандарын қорғау жолында өлгендерді шейт дейді.

Мен әкемнің айтқанына кейінгі тарихи деректерге қарап мынаны қосқым келеді. Демограф, ғалым М.Тәтімов пен Қазақстан ғылым Академиясының Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнография институтының ғылым-хатшысы Жапсарбай Қуанышевтың зерттеу еңбектеріне зер салсам төмендегідей рахымсыздықты аңғару қиын емес. Қазақ халқының тарихындағы көптен кездесетін «ақтаңдақтардың» үлкенінің бірі ауыл шаруашылығын коллективтендіру болып саналады. Ол кезде саяси науқан ретінде қалай іске асырылса, енді бүгінгі таңда да, тек таза тарихи мәселе шеңберіне симай, күрделі саяси проблемаға айналып отыр. Өйткені бұл, 20-шы жылдардың, яғни 30-шы жылдардың бас кезінде шаруаларды меншіктің бір формасынан екіншісіне құр өткізе салған шарушылық науқаны емес еді. Ол қазақ халқының тағдыры, ұлт ретінде жер бетінде қалу, қалмауы шешілген кезең болды.

И.Сталин БК (б) Орталық Комитетінің 1923 жылы қарашада өткен Пленумында сөйлеген сөзінде ауылшаруашылығы елді индустриялан-дырудың негізі болып табылатындығын ашық айтты. Яғни, бұл коллективтендіруді индустрияландырудың жедел қарқынына сәйкестен-діру немесе ауылшаруашылығын коллективтендіру мәселесін астық проблемасына бағындырып қана қою дегенмен бірдей еді. И.Сталин мен оның төңірегіндегілер астық проблемасын жедел түрде шешу қажеттілігін сылтау етіп, ендігі жерде коллективтендірудің қарқынын тездете бастайды. Оларға коллективтендірудің процесін біршама итермелеп жіберсе болғаны, барлық мәселелер өздігінен шешіле қалатындай көрінді. Қысқасы колхоздастырудың өзі село мен ауылда социалистік жолмен қайта құру міндетімен емес, керісінше астық дайындау науқанымен алмастырылады. Сонымен елді индустрияландыру барысында бой көрсете бастаған әкімшілік-әміршілдік жүйе, бюрократизм коллективтендіру жылдарында одан әрі дамып, шыңдала түсті. Бұл жүйе кең байтақ еліміздің түкпір-түкпіріне жетіп, әрбір отбасын қамтып, барлық халықтардың қайғы-қасіреті мен қоғамдық өмірдің бар саласын жайлаған әділетсіздіктің беташарына айналды. Ол жергілікті жерлердің әлеуметтік-экономикалық, табиғи т.б. ерекшеліктерін мүлде ескермей, жоғарыдан күштеп таңылған жүйе болды. Басқаша айтқанда бұл мемлекеттік саясат пен идеологияның экономикалық адлын орағытқан өмірдің бастамасы еді. Ал Жаркент ауданында 1930 жылдың желтоқсанында астық өткізбеді, бай, кулак деп 143 адам сотталған. Реті келгенде айта кету керек, 1931 жылдың III және IV тоқсанында ғана республикалық халық соттары «астық дайындау» мәселесі бойынша 12539 адамды соттапты. Сот барысында көптеген жөнсіздіктер мен қателіктер жіберіліп отырған.

Міне осындай рахымсыз жүйенің нөкерлері де өз кезінде рахымсыз болды. Коллективтендіру саясатына қарсы шыққандарды (астық өткізбеген, малын сойған т.б) аяусыз жазалады. Қит етсе оларды тап жаулары қатарына қосып, оңды-солды соттап, компескелеу науқанын жүргізіп отырды.

Кәмпескеге түскеннің үстіндегі киімі мен бір пұт ұннан басқасының барлығы тұқ қоймай тартып алынды. Ол жұмыс әдетте кешқұрым немесе түн ортасында басталатын. Дүние-мүлкін алдын-ала есепке алмай, барлық зат түгел алынатын. Мысалы: Ф.И.Голощекин Қазақстан өлкелік партия комитетінің 1931 жылғы ақпан пленумында ендігі жерде Қазақстанның еліміздің орталық аудандарының ешбір ерекшелігі жоқ, ендеше бұдан былай Қазақстанның өзіндік әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін ескерудің қажеттігі жоқ деген «теориялық» қорытынды жасады. Осыдан кейін республикадағы көшпенділер мен жартылай көшпенділерді отырықшылыққа айналдыруды 1933 жылы аяқтау мақсаты қойылды.

Жедел түрде тоздар артельдерге айналдырыла бастады. 1932 жылы басына қарай Қазақстанның 6 мал шаруашылығы дамыған аудандарындағы 2711 тоздың 2459-ы артельге айналды. Осының салдарынан Қазақстанның малшаруашылығы қатты жұтады. Бұған көрнекті мемлекет қайраткері Т.Рысқұловтың 1933 жылы наурыз айында Сталинге жолдаған хатында көрсетілген мына деректер дәлел болады. Т.Рысқұлов бұған дейін де Қазақстанда мал басының кеміп бара жатқандығы туралы мәселе қойған болатын (1932 жылғы ақпан алдында жүргізген мал басының Бүкіл одақтық санағы бойынша 1928-1929 жылы республикада болған 40 млн. малдан 5397 мыңы қалған екен, яғни мал басы осы жылдары 85,5 пайызға, соның ішінде бір жылдың ішінде (1931-1932 жж) 55 пайызға күрт қысқарып кетіпті. Бұл малшаруашылығы басым дамыған Қазақстандағы болған жағдай. Сол кезде КСРО Бойынша жалпы мал басының кемуі 16,7 пайыз ғана болған. 1932 жылы Қазақстанда бар малдың 80 пайызы қауымдастырылыпты, (КСРО бойынша тек 33 пайыз ғана). Қалған 5397 мың малдың 37,6 пайызы совхоздардың қарамағына (КСРО бойынша 9 пайыз) 1559,9 мың (яғни 28 пайыз) қазақтарға қарапты. Салыстыру үшін айта кету керек 1928 жылы қазақтардың қолында барлық малдың 80 пайызы болған. Ат пен түйе санының азаюы елдің ат-көлік пен жүк тасу мүмкіндіктеріне нұқсан келтірді. Демограф М.Тәтімовтың есебі бойынша сол қырылған малдың үш жылдағы беретін өсімін есептесек, бұрынғы малды өлкенің 70 миллион малы біржолата құрып кетіпті. Мал басының азаюы қазақ сахарасында ежелден келе жатқан шаруашылық жүйесінің негізін шайқалтты. Оның қолдан жасаған саясат болғандығын ашып айтуымыз керек. Сол солақай саясаттың нәтижесінде елді нәубет індеті жайлады. Ел аштықтан шыбындай қырылып жатқан кезде жинаған астық, Сталинның жарлығымен Батыс Европа елдеріне экспортқа шығарылып жатты. Мысалы, 1929 жылы 3 млн.центер астық арзан бағамен сатылды. Күн көрісін таба алмаған адамдар мекен-жайларын тастап кетуге мәжбүр болды. Ары-бері сапырылысып, ауа көшкен босқындар легі 1931 жылдың аяғы мен 1932 жылдың жазына қарай күшейді. Олар бір ауданнан екіншісіне, Қазақстаннан тысқары жерлерге бір үзім нан іздеп кетіп отырды. Шұбырған халық негізінен егін егетін оңтүстік пен солтүстік шығысқа қарай Өзбекстан, Түркменстан, Қырғызстан, Тәжікстан, РСФСР-дың көршілес облыстарына, Қытай, Монғолия, Ауғанстан, Иран, Түркия елдеріне қарай ығысты. Адамдар аштан өлмей, аман қалу үшін қалаларға, поселкілерге, басқа елді мекендерге бет алды.

Айталық 1933 жылы Жаркент ауданына Октябрь, Кеген, Талдықорған, Шелек, Алматы қаласынан ауып көшіп келгендердің және Қытайдан қайтқандардың саны көбейіп кетті. 7 қаңтар мен 10 қараша айларының аралығында осы ауданда 362 қожалық, яғни 1009 адам жинақталыпты. Бұл жағдай елдің көп жиналған жерлерінде әр-түрлі жұқпалы аурулардың пайда болып, таралуына себепші болды.

Зомбылықтан құтылу мақсатында Қазақстанның Қытай мен шекаралас 11 ауданына (Оның ішінде Алакөл, Лепсі, Октябрь, Жаркент, Кеген және Талдықорған, Ақсу аудандарының шекараға жақындау бір бөлігі бар) қазақтардың 40-50 пайызы шоғырланып, Қытай асты. Мысалы: ОППУ хабарлары бойынша 1930 жылы 15 наурызда Алматы округінен 50 адамнан тұратын байлар мен кулактар тобы, Алакөл ауданының Шарбақты ауылынан 70 адам семьяларын тастап, Қытайға қашып кетті. Сол сияқты Лепсі ауданынан 33, Шелек ауданынан 106, Малайсарының 60 қожалықтары Қытайға асқан. Босуға мәжбүр болған халық бұл сапарында да, кеңестің шеңгілінен құтыла алмады. Шекарада бақайшығына дейін қарулы әскерлерден тосқауылдар қойылды. Таптық тәрбиеден нәр алып өскен, ауа көшкендерге жау ретінде қарады. Сондықтан да қашқан босқындарға қарсы адам айтқысыз қатыгез шаралар қолданылды. Айталық 1930 жылдың 2 желтоқсанында Қытай жағының төрт Қорғас поссы территориясында шекарадан өткен босқындарды қуып келген кеңес шекарашылары 50 қазақты тағы өлтіріп кеткен. Іштерінде жас бала мен әйелдер бар. Асудың қарлы беткейінде жазықсыз жандардың қаны су болып аққан, мылтық, найзасы мен қылыш кескілеген түрлері адам танымастай кейіпке еніп, көрген жанды шошындырған. Бір ғана Іле округінің шекарасынан Қытайға өтерде біздің шекарашылар 1000-нан астам босқынды өлтірген. Жаркент өңірі шекара аузы болғандықтан, ашаршылық пен күштеп коллективтендіруден қорыққандар, осы жермен шекара асуға асықты.

Сондықтан бұл жерге әскер әкеліп төгіледі. Бәрі орыс жігіттері, мұсылмандардан құрылғандарға сенімсіздікпен қарап, оларды бөлек ұстады. Шекара шебінің сол кездегі партия ұйымының хатшысы, кейіннен СОКП ОК-ның бас хатшысы болған К.У.Черненко солдаттарға қажет болса ату керектігін айтқан екен. Ал шекарашылар болса шекараны сақтау деген сылтаумен, жалғыз желеумен қарусыз адамдарды қырған. Шекарадан өтпек болғандардың барлығына, бандиттер, елді азғырушылар деп қараған. Әскерлердің әрекеттерінен кейін әр жерде жыртылған киімдер, ауып қалған жүк, шашылып қалған ыдыс-аяқ, кейде беті көмілген өліктер жатқанын көргендер бар. Халықтың ауа көшуге, егіннің шықпай қалуы, жергілікті жерде табыс табу мүмкіндігінің болмауы сияқты себептер ғана емес, кәмпескелеу саясатын жүргізу кезінде бұрмалаушылықтар да итермелеген.

Әсіресе ортамаларға байланысты көп қателіктер жіберілді. Көпшілік жағдайда оларды оңашалап, колхозшылардың жиналыстарына қатыстырмай, кулактар мен байлар қатарына жатқызып, кәмпескеленетіндер тізіміне іліктіріп отырған. Колхоз мүшелеріне бақша егуге тыйым салып, тауықтары мен сиырларын колхозға тапсыру талап етілген. Жаркент ауданының Кетпен, Қолжат, Үлкен Ақсу т.б. селоларында да соңғы тауыққа дейін, тұқ қалдырмай қоғамдастырылған. Сөйтіп коллективтендіру нәтижесінде елге «күштеу» саясаты өмірге келіп, әкімшілдік-әмәршілдік жүйе бір жолата қалыптасты. Оның негізін құраған экономикалық қажеттіліктен гөрі бір сәттік саяси идеологиялық қағидалар болды. Ол қалың халық бұқарасының көңіл-күйін жергілікті жерлердің ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік ерекшеліктерін ескерместен жоғарыдан зорлап таңылған еді. Яғни, бұл шаралар біздің бірқалыпты табиғи заңдылыққа сүйеніп дамып келе жатқан қалпымызды үзіп, кей жағдайларда кері лақтырып тастап отырды.

Нұрғали мен Ерғали Қытайға барғанда, оларға уақытша тұрақ болған Дуан Кенжебек ақалақшыға берген әпкесі Зәуремен, Сатай Әміре ақалақшыға берген Рысбала әпкелері болды. Салпық пен Жақыбайға күйеу болып келетін Кенжебек пен Әміре ақалақшылар Нұрғали мен Ерғалиды жылы қарсы алады. Ерғалидің қасына сенімді жігіттер қосып, құрал сайлап беріп кеңес өкіметінде қалған ел-жұрт, әке-шеше, бауыр, туыстарының жағдайларын жасырып тыңшы жіберіп біліп тұрды. 1930 жылы күз айында Ерғали бастаған Әмесат, Ілияс, Мошқа, Сүлеймен, Нүсіпбай, Әбдібек тағы басқа батыр жігіттер Қытайдан өтіп келіп Жақыбай атамның өзін, мамамды, тағы басқа туған-туысқан, бала-шаға, қатын-қалашты алып кету үшін арнайы сайланып келеді. Қытайдан келген әрбір жігітке үш бестіден ақы төлеп, өлсе құнсыз болу үшін шарт жасасқан. Ерғали келген кезде Жақыбай атам өлсем осы жерде өлем, Қытайға бармаймын, - деп қасына кенже баласы Мырзақанды еріп, Ерғалидан тығылып қалады. Мамам (Шаруан), мен Жақыбайды тастап қайтып кетем, өлсем шалыммен бірге болам, - деп зар еңіреп жылап көнбейді. Әкесі мен шешесінің бұл қылығына қатты налыған Ерғали осында қалған барлық Туматай тұқымын, құда-жекжаттарды жинайды. Осыны сезген бадырақ боп жүрген жақын ағайындар, Ерғали келіп барлық елді алып кеткелі жатыр деп Жәркентке хабар береді. Ішінде Бекек, Сейтбек сатқындар бар.

(Жалғасы келесі нөмірде)

Әдепхан ТӨРЕХАНҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын, Мәдениет саласының үздігі, Алматы облысының Құрметті азаматы.

ТАРИХИ МҰРАЛАРДЫ ҚАСТЕРЛЕЙІК

Біздің бабаларымыздың басына не келіп, не кетпеді. Шаңды жорық шайқасты да, жеті ағайынды жұтты да, ажал жетелеген ашаршылықты да көрді, көндікті. Небір нәубетті басынан өткерді. Алайда бабалардың асыл рухы әрдайым жеңістің туын желбіретіп, жанкештіктің озық үлгісін көрсетті. Қай бабамызды айтсақ та қасқайып тұрып, мақтанышпен еске алатындардың санатындамыз. Біздің өткен тарихымызда біз ұялатын ештеңе жоқ, расында да. Түркілердің түбін жойып, өткенін ұмыттырамыз деген сайын бабалар тарихы тереңінен ашылып, баршаның назарын өздеріне аударып отыр. Өзіміздің болмысымызды білген сайын қазақ болып туғанымызға тәубә айта бастадық. Өйткені мына сайын даланың қай түкпірін айналсаң да самсап тұрған сол бабалардың жүріп өткен жолы мен тағдырлы тарихын байқайсың. Қазақ даласының қай бұрышына тоқталсаң да құмы да, тасы да, иірім-иірім жері де менің бабамның тарихынан сыр шертеді.

Сол бабалар өткенінен сыр шертетін төл тарихымыз сауықтыруды қажет ететін сырқат күйде. Өйткені соңғы бір-екі ғасырдың ішінде көп дүниемізден айырылып қалғанымыз тағы рас. Оның бір дәлелі – еліміздегі обалар мен қорғандар көп тоналған. Табылған зергерлік бұйымдар мен мәнеттер, қыш құмыралар, ыдыстар – баға жетпес құнды жәдігерлер кеңес үкіметі тұсында сырт жаққа көптеп тасымалданған. Егемен ел болмаған соң құрықтау қолдан келмеген. Сөйтіп қазақ жерінен табылған құнды дүниелер әлемнің түкпір түкпіріне тарап кеткен. Дамыған елдердің дүкен сөрелерінен кездестірген күндер де болған. Қазіргі күннің өзінде кейбір қаракөздеріміз де осындай мәдени ескерткіштері қорғалған аумақтарда өрескел

әрекеттерге барып отыр. Олар обалар мен қорғандарға шабуыл жасап, сатып, байып жүргендерінің де куәсі болып жатырмыз. «Адамдардың тарихи құндылықтарымызға жауапсыз қарайтындығының белгісі ежелгі Жетісу қорғандарында, Түркістан облысындағы «Есімхан ордасы» аумағында көптеп кездесіп тұр» деп Уәлихан Бишімбаев деген жанашыр азаматымыз дабыл қаққан еді.

Мұндай фактілер өзіміздің Жаркент өңірінде де жиі кездескен. Үй салу, қора – жай, кәріз жүргізу жұмыстары кезінде табылған көптеген жәдігерлер халық құндылығын түсінбегендіктен олардың кезекті жем салғыш, су құйғыш заты болып, жасырынып қала берген. Қазылған дүниелердің сыртқа шығарылып, сатылып кеткендіктері туралы да білеміз. Осы тарихи-деректі құндылықтарымыздан айырылып қалмас үшін халықтың да санасын, сауаттылығын да арттыруда да күш салу керек екенін байқаймыз. Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғап қалуда жергілікті билік өкілдері де мүдделі болуы тиіс. Әйтпегенде, бұл құндылықтар тек археологтарға ғана қажет дүние сияқты.

Өз өңіріміздегі Алмалы ауылының солтүстігінде орналасқан Көкжазықтағы Үйсін обалары, батысындағы «Дөңгене» елді мекен орны, Үшарал ауылының солтүстігіндегі ежелгі қала Ілебалық, Жаркент – Сарыөзек күре жолы бойындағы Түрген қорғаны әлі күнге өз зертеушілерін күтуде. Сондай-ақ 19 ғасырдың соңында салынған Жаркент түрмесі де көз алдымызда қирап барады. Бұл нысандарға мемлекеттен қаржы, мықты археологтар мен реставраторлар ауадай қажет. Бұл нысандардың тарихын жергілікті қаламгерлеріміз, өлкетанушы азаматтарымыз барынша зерттеп, еңбек етіп жатыр. Алайда осы тарихи орындар мемлекет қорғауына алынып, кешенді зерттеу жұмыстары жүргізілсе екен дейміз.

Тізбектей берсек санап айтар дүние көп. Алайда «Археология туралы заңның» жұмыс жасайтын уақыты туды. Ол заңды ел болып атқаруымыз керек. Біз өзіміздің екінші рет жойылумызға жол бермейміз. Тарих – мәңгілік. Тарихи мұраларымызды қастерлейік!

Жұлдыз АСҚАРБЕКОВА,
«Жауынгерлік Даңқ» музейінің ғылыми қызметкері.

Білім

КІТАПҚҰМАР МЕКТЕП – ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес БҒМ «Оқуға құштар мектеп» жобасын бекіткен болатын. Сол жоба аясында Головацкий атындағы орта мектебінің кітапханашылары «Оқуға құштар мектеп» атты стенд және кітап көрмесін ұйымдастырып, оқырмандар назарына ұсынды. Отбасылық кітап оқу дәстүрін жаңғырту, отбасымен кітап оқуды насихаттау барысында «Отбасымызбен бірге кітап оқимыз», «Мен оқимын. Әкем оқиды. Анам оқиды» атты аудан бастауыш мектептар арасында өтілген челленджге 2 «Ә» сыныптан Шәріпхан Нұрәлі, Кенжехан Інжу, Байдаулет Әли отбасыларымен қатысты. Бастауыш сыныптар арасында қараша айында «Отбасымызбен бірге кітап оқимыз» отбасылық кітап оқу марафоны онлайн түрінде өткізілді. Кітапхана мен отбасы арасындағы тұрақты қарым-қатынасты қалыптастыру мақсатында өтілген челенджге ата – аналар өте белсенді түрде қатысып, балаларымен бірге кітап оқып, жарысты.

5 «А» сыныптың жетекшісі А.Қасенова мен кітапханашылар Ы.Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына орай «Даланың дара ұстазы» атты сынып сағатын өткізді. Ы.Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесін оқып, оқушылар кері байланыс жасап, түсінгендерін айтып өтіп, өлеңдерін жатқа айтты.

Сондай-ақ кітапханашылар 6 «Ә» сынып жетекшісі С.Джанзаковамен бірлесіп «Кітап – өмір әлемі», «20 минут оқы да 3 минут эссе жаз» сынып сағатын ұйымдастырды. Кітапханашы сыныптағы 25 оқушыға көркем әдебиеттер таратып, оқушылар 20 минут оқып, 3 минут эссе жазды. Өте белсенді қатысып, эссені жақсы жазған оқушылар Тұрсынғазы Бақыт, Дінмұхаммед Өзгүлім, Тұрдақын Диас.

Демалыс күндері 2 «Ә» сынып оқушыларымен «Біз бірге оқимыз» бес минут дауыстап оқу және «Даналық әліппесі» сериясымен келген көркем әдебиеттермен таныстырды. Шарада кітапханашы оқушыларға қазақ ертегілерінің бірнешеуін дауыстап оқып берді. Атап айтсақ, «Бала мен қарлығаш», «Ақ лақ пен қара лақ», «Торғай мен тышқан», «Патша мен бүркіт», «Қасқыр мен жеті лақ», «Қоян мен тасбақа», «Айлакер түлкі», «Жалқау мысық», «Қоян мен тасбақа» атты ертегілері. «Ақымақ қасқыр» ертегісін оқушылар кезек-кезекпен бес минут дауыстап оқып, түсінгендерін баяндады. Қысқы демалыс күндері мектеп кітапханашылары 4 «Б» сынып жетекшісі Р.Таубаевамен бірлесіп «Самый читающий класс» атты сынып сағатын өткізді. Оқушылар кітап туралы өлеңдерді жатқа оқыды, сұрақтарға жауап берді, кітап туралы мақалмәтелдердің жалғасын тапты. Н.Мұзапархан, Бахарова Ясмина, Марат Раяна, Сәкен Қырмызы, Ордабаева Ауржан сынды кітапхананың тұрақты оқырмандары өздерінің оқыған кітаптары туралы айтып өтті.

Кітапханашы М.Ермеш кітапханаға келген «Ақылды қаламды» таныстырып, «Даналық әліппесі» сериясымен келген кітаптарды көрсетіп өтті.

Ақпан айында «Ағылшынша ертегі оқимыз» атты сынып сағатында оқушыларды кітапханаға келген ағылшын тіліндегі кітаптармен таныстырып, олардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыра түсті. Ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері Айерке Мұратқызы, Сандуғаш Бегдайырқызы, ағылшын тілінде келген көркем әдебиеттерді оқушыларға таныстырды. Оқушылар ағылшын тіліндегі көркем әдебиеттерді жаздырып алды. Сонымен қатар, мектебімізде ақын-жазушылардың шығармаларын насихаттау мақсатында «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» әдеби – сазды кеш, Сайын Мұрабековтың туғанына 85 жыл толуына орай библиографиялық шолу, Ұлт ұстазы А.Байтұрсыновтың 150 жылдығы кітап көрмелері қойылды.

Мектеп кітапханасы жылдық жұмыс жоспары бойынша мәдени іс-шараларды үздіксіз жүргізіп, жоба бағыттарын жүзеге асыруда.

Осындай жұмыстың арқасында оқырмандарымыз күннен күнге көбейуде.

Ш.ТҮГЕЛБАЕВА,
Головацкий атындағы орта мектептің кітапханашысы.

Спорт

ЖАРКЕНТТІК ҚЫЗДАР ОБЛЫСТЫҚ ЖАРЫСТА ТОП ЖАРДЫ

Таяуда Алматы облысының білім және денешынықтыру мен спорт басқармаларының өзара келісім бекітулерімен жасөспірімдер арасындағы салауатты өмір салтын насихаттау мен белсенді түрде дене шынықтыру мен спортпен айналасуына арналған волейболдан қысқы чемпионаты болып өтті.

Аймақтық оқушы ұлдар, қыздар арасында волейбол ойынын дамыту мақсатында жүзеге асырып отырған бұл жарыс жас жеткіншектердің арасынан жекелей спорт шеберліктері артқан мықты ойыншыларды анықтап, облыстық құрама командасына іріктеу жарысы болып табылады.

Карантиндік шараларды қатаң сақтауға байланысты 2021-2022 оқу жылына жоспарланған бұл 2005-2006 жылдары туылған қыздар арасындағы биылғы алғашқы қысқы чемпионат Қарасай ауданының Қаскелең қаласында ақпан айының соңында өткізілді.

Жарысқа облыстың барлық 16 аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері мен Талдықорған, Қапшағай, Текелі қалалық жасөспірімдер спорт мектептерінен жасақталған командалар бас қосып, жеребе бойынша екі топқа бөлініп өз үздіктерін анықтады.

Жарысты Алматы облыстық бұқара спорттық іс-шараларды өткізу орталығынан волейбол федерациясының өкіл төрешісі Абулхамит Сүлейменов жүргізді. Жас ерекшелігі бойынша бөлінген үлкен топтағы алғашқы 2005-2006 жылғы туылған жасөспірім қыздар арасында өз тобында айналма тәсілмен ойнап, жеңіліссіз бірінші орынмен шыққан Панфилов аудандық №2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің волейболшы қыздары қарама-қарсы топта ойнаған топ үздігімен ақтық сында кездесіп, қарсыластарына еш мүмкіндік бермеді. Нәтижесінде Жаркенттік жасөспірім қыздар жарыс жеңімпазы атанып, тиісті дәрежелі грамота мен алтын медальдарын тағынды.

Осы жарыстың «Ең үздік ойыншысы» болып Жаркенттік Мәлік Зере көзге түсті.

Жалпы жарыс жеңімпазы атанған Панфилов аудандық №2 БЖСМ-нің оқытушы-жаттықтырушылары Елтаев Ардақ пен Райымбеков Әсет өз мамандығын жетік меңгерген бапкерлер ретінде, бүгіндері көп жылдар еңбек етіп отырған Жаркент өңірінің Талды ауылдық округіне қарасты «Жеруйық» елді-мекенінің Нағарашы орта мектебінде волейбол үйірмесін жүргізіп, нәзік жанды аруларымыздың қатарын көбейтіп, шәкірттеріне ерінбей жалықпай спорт өнерінің қыр-сырын үйретуде.

Жеруйық мекенде осындай еңбекқор азаматтарымыз барда бұқаралық спортымыз алдағы уақытта да дамып өркендей бермек.

Сұлтанғазы ҚОҚАБИ,
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Жаркент қаласы.

«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ
Меншік иесі: **«БАҚ» ЖК**
Директор – **Дархан БЕЙСЕНБЕК**
Бас редактор – **Молот СОЛТАНАЕВ**
Бас редактордың орынбасары – **Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ**
Дизайнер – **Әділет МҰСАХАЕВ**

Газеттің эл.почтасы:
jar-aina@mail.ru

➢Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
➢Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
➢Газет индексі - 65161
Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
➢Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
➢Газет Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентіндегі «Принт плюс» баспаханасында басылды. Офсеттік басылым.
➢Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:
Алматы облысы,
Жаркент қаласы,
Е.Сыпатаев көшесі,
242 үй, 14 пәтер
Тел.: 8/705/412-78-48;
8/705/277-16-91;
8/777/971-57-67
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.
Тапсырыс: №16653